	мәтіні ұзақ болмауы тиіс. Таза, қысқа, нақты, шын болуы тиіс. Потенциалды клиентті тартудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады. «Арзан» «сенімді», «әдемі», «тәтті», «кепілдік береміз» деген сөздер қолданбау қажет. Тұтынушыны өнімнің ыңғайлы және пайдалы екеніне сендіріңіз. Бұл тіпті құнына да байланысты емес. Жарнама мәтінінде «кеңес береміз», «сізге беріледі», «қажетті», «хабарлаймыз», «санаулы секундтар», «тез» деген сөздер болуы тиіс. Сіздің жарнамаңыздың негізгі хабарламасын : басында және тұтынушыға пайдасын көрсету кезінде екі рет пайдалану керек. Ең маңызды - бәсекелестеріңізбен жарыспаңыз. Бұл сатып алушыларға алаңдаушылық туғызады және жарнама туралы заңға қайшы келеді. Соңында, жарнамаңызда өз компанияңыз туралы айтуды ұмытпаңыз. Ол-мекеме мекенжайы, электронды пошта, байланыс телефоны. Бұл-тұтынушы үшін			

	маңызды ақпарат болып табылады. **1-тапсырма.** Мәтін не туралы? Дұрыс жауапты белгіле. А. Мәтінде жарнама жасаушылар туралы айтады. В. Мәтінде жарнаманың тұтынушыға әсерін айтады. С. Мәтінде жарнаманы неғұрлым нәтижелі жасау жолдарын көрсетеді **2-тапсырма.** Бұл мәтін кімдердің қызығушылығын тудыруы мүмкін? _____ _____ _____ _____ _____ **3-тапсырма.** Мәтіннің атауы қандай? А. Жарнама компаниясының жетістігі неден көрінеді? В. Жарнама жасаушыларға кеңес С. Жарнама біздің өмірімізде **4-тапсырма.** Жарнама жасаушылар үшін жазу шрифтісін таңдау неге маңызды? Дұрыс жауапты белгіле. А) шрифт жарнаманы әдемі көрсетеді	Қосымша деректер жинақтайды. Нәтижеге бағытталған білім алады. Берілген тапсырманы орындайды. Берілген тапсырманы орындайды.	ҚБ: «Өзін-өзі бағалау» ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек» **ҚБ** «Бір түйін сөз» әдісі ҚБ: «Бас бармақ»	карточкалар, ғаламтор ресурстары презентация, таратпа материалдар карточкалар, ғаламтор ресурстары карточкалар, ғаламтор ресурстары

	В).....тұтынушыға оқуға жеңіл және ыңғайлы С).....өнімді адам танымастай өзгерту үшін **5-тапсырма.** Сөйлемді жалғастыр.Керекті сөздер: тұтынушынының назарын аудару үшін, жарнама жасаушыларға пайдалы, тұтынушыға қажет ақпарат, тұтынушыға қажет, деректер. А) Жеңілдіктер, тауардың сапасы, тұтынушыға сыйлыққәде бұл- ..... Ә) Жарнама мәтінінің атауы бұл- ..... В) Мекенжай, электронды пошта, телефон бұл- ..... С) Дұрыс жауаптарға белгі қойыңыз. **6-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сай жарнаманың нәтижелі болуы үшін..... ... оған көп ақша жұмсалады ... өнім	Қосымша деректер жинақтайды. Нәтижеге бағытталған білім алады.	ҚБ «Бағдаршам» ҚБ: «Өзін-өзі бағалау»	презентация, таратпа материалдар карточкалар, ғаламтор ресурстары

	не қызм ет көрсе ту турал ы толық ақпар ат беріл еді			
	... әдемі безендіріледі.			
	.... атауы ерекше болады.			
	... теріс пікірлер қолданады.			
	...өнім сапасы егжей-тегжейлі жазылады.			
	...өнімді жарнам алауға белгілі тұлғала рды шақыра ды			
	...бәсекелес өніміне қарама-қарсы жасалады.			
Сабақтың соңы **5 мин**	**Қорытындылау.** Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Сабаққа кері байланыс береді.		



№28-29

Сынып:	**Қатысушылар саны: -**	**Қатыспағандар саны:**



Қазақ билері

Қазақ билері мәтіні бойынша ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, грамматикадан өткен материалдарды қайталау

Алған білімдерін нақтылау, сауаттылықтарын арттыру

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	**Ұйымдастыру кезеңі.** оқушылармен сәлемдесу, түгендеу, сабаққа дайындығын тексеру, назарларын сабаққа аудару. **Оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсаты хабарланады.**	Оқушылар сабаққа дайындалады **Сабақтың мақсаты мен тақырыбын біледі**		
Сабақтың ортасы	**1 тапсырма.** *Өзіңізді тексеріңіз:* - өз тұрған жеріңді, үйіңді суретте; - күн, ай аттарын есіңе түсір;	Берілген тапсырманы орындайды.	ҚБ «Бағдаршам»	презентация, таратпа материалдар

	- ауа райы мен жыл мезгілдері туралы не білесің? ***2 тапсырма.*** *Диалогті оқып, аударыңыз* - Сен демалыста қайда бармақшысың? - Демалыста Сарыағашқа бармақшымын. - Ал, өзің қайда бармақшысың? - Мен Көкшетаудағы Бурабайға барып демалмақшымын. - Сен қашан жол жүрмекшісің? - Алла жазса, ертең поезбен жүрмекшімін. - Жолың болсын, демекпін. ***3 тапсырма.*** *Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыз. Мәтінге бірнеше сұрақ құраңыз.* **Қазақ билері** Ертеде қазақ халқында билік айту деген дәстүр болған. Билер өздерінің бір ғана сөзімен даулы мәселелерді шешкен. Олар ерте заманда осы күнгі соттың да, тергеушінің де қызметін атқарған. Қазақ билері әділ және елге сыйлы болуға тиісті болатын. Өз әділдігімен елге танымал	Қосымша деректер жинақтайды. Нәтижеге бағытталған білім алады.	ҚБ: «Өзін-өзі бағалау» ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек»	карточкалар, ғаламтор ресурстары презентация, таратпа материалдар

	болған қазақтың атақты билері: - Төле би (1663 – 1756 жж.), - Қазыбек би (1667 – 1764 жж.), - Әйтеке би (1644 – 1700 жж.). Қазақ халқының бұл билері елді үш жүздің бірлігін сақтауға шақырды. ***4. Оқып, жаттап алыңыз. Сөйлемдерді үлгі бойынша жазыңыз.*** Үлгі: Қаңтардың бірі – Жаңа жыл мейрамы.	Берілген тапсырманы орындайды. Берілген тапсырманы орындайды.	**ҚБ** «Бір түйін сөз» әдісі ҚБ: «Бас бармақ»	карточкалар, ғаламтор ресурстары карточкалар, ғаламтор ресурстары
Сабақтың соңы **5 мин**	**Қорытындылау.** Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Сабаққа кері байланыс береді.		



№ 30-31

Сынып:	**Қатысушылар саны: -**	**Қатыспағандар саны:**



Тағылым отбасынан басталады

Тағылым отбасынан басталады мәтіні бойынша ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, грамматикадан өткен материалдарды қайталау



Алған білімдерін нақтылау, сауаттылықтарын арттыру

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	**Ұйымдастыру кезеңі.** оқушылармен сәлемдесу, түгендеу, сабаққа дайындығын тексеру, назарларын сабаққа аудару. **Оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсаты хабарланады.**	Оқушылар сабаққа дайындалады **Сабақтың мақсаты мен тақырыбын біледі**		
Сабақтың ортасы	ТАҒЫЛЫМ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ Жалпы, шаңырақ құру – күллі адамзаттық дәстүр	Берілген тапсырманы орындайды.	ҚБ «Бағдаршам»	презентация, таратпа материалдар

	екені түсінікті. Бірақ жер бетінде қанша халық болса, бұл дәстүрдің сипаттары да соншама сан алуан. Өйткені әр халық өзінің шаңырақ көтеру қуанышын өз тұрмыс-салттарына лайықтап, өздерінше қызықтауға тырысады. Осы үрдісті қазақ халқы да ғасырлар бойы өзгеге ұқсатпай, өздерінше дамытқаны анық. Олай болса, қазақтың шаңырақ көтеру сәтіндегі өзіндік ерекшеліктері бар. Халқымыздың ежелгі дәстүрі бойынша, жаңадан көтерілер шаңырақтың мақсаты мен мәні ең әуелі тегіне орай үндестіріліп, ата-ананың ризашылықтарынанегізделіп шешілетін. Мұнда негізгі қағида ретінде, тектілік пен адамгершілік парыздары бағдарға алынатын. Сондықтан бұл дәстүрді қазақ халқы сонау ерте ғасырлардан бері қарай жеті атаға дейін қыз алыспау салтымен орайластыра білгені белгілі. Ата-бабамыз ұрпақ тәрбиесіне аса зор мән береді. Өйткені, ұрпақ– болашақ. Оны әбден түсінген халық: «Баланды беске дейін патшадай күт, он беске дейін қосшыңдай жұмса,			

	он бестен кейін құрдасыңдай сыйла»,- деп бүкіл тәрбиелік тағылымды үш-ақ сөзге сыйдырады. «Патшадай күт» дегені – қамқоршы бол, өсір, мәпеле, жас шыбықтай баулы дегені, «қосшыңдай жұмса» дегені – жәрдемшің ет, жұмысқа сал, буынын бекіт, еріншектерден аулақтат дегені, ал «құрбыңдай сыйла» дегені – балаңа ес кірді, ақыл иесі болды, енді оның отау құруы жақын, оның да түбі өзіндей ұрпақ қамқоршысы болатынын естен шығарма дегені. Ал осы ұлағатты сөзде ұрыс, ренжіт, қорқыт, еңсесін түсір деген бірде-бір сөз айтылмайды. Қазақтың ұрпақ өсіру пәлсапасы, міне, осындай қарапайымдылыққа құрылған. Табиғатқа иелік етер күші болса да, адамды өзге тіршілікпен тең ұстаған да – қазақ. Бесіктегі қимасына «асқарым, асқағым» деп емес, жан-жануармен, жәндік атаулымен тағдырластығын мойындатып, «құлыным, ботам, қошақаным» деп еркелету де, шыбынға да қиянат болмасын деп, «шыбыным» деп айналу да алдымен қазаққа тән. Бүкіл болмысы, шыбын			

	жаны перзенттің үстінде болған қазақтың баласын шамадан тыс тойындырып, ошақтың түбінде қорғаштағаны да ешбір тарихта жоқ. Жеті жасар айдарлысын жауға аттандырып, он бесіндегі ұлына ел басқартқан халық бұл!			
	1-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша дұрыс нұсқасын көрсетіңіз. Барлық адамзатқа тән дәстүр – ... . A)тұсау кесу B)сүйінші сұрау C)шаңырақ құру D)баланы бесігіне салу	Қосымша деректер жинақтайды.	ҚБ: «Өзін-өзі бағалау»	карточкалар, ғаламтор ресурстары
	2-тапсырма.Сөйлемді жалғастырыңыз. Әр халық шаңырақ құру салтын ... . A) жағдайына қарай лайықтайды B) даму жағдайымен байланыстырады C) әдет-ғұрпына қарай ыңғайлайды D) жалпыңа ортақ салты бойынша қызықтайды	Нәтижеге бағытталған білім алады.	ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек»	презентация, таратпа материалдар
	3-тапсырма. Мәтінге сәйкес сөйлемді дұрыс аяқтаңыз. Қазақтың шаңырақ құрудағы негізгі салты – ... . A) тектілік парыздарын сақтау	Берілген тапсырманы орындайды.	**ҚБ** «Бір түйін сөз» әдісі	карточкалар, ғаламтор ресурстары

	B) жеті атаға дейін қыз алыспау C) адамгершілік парыздарын сақтау D) жеті атаға дейін ауылдас қыздарды алмау **4-тапсырма.** Сөйлемді толықтырыңыз. Баланды беске дейін ... күт, он беске дейін ... жұмса, он бестен кейін ... сыйла. A) құрбыңдай, құлыңдай, патшадай B) досыңдай, құлыңдай, теңдесіңдей C) билеушіңдей, құлыңдай, теңдесіңдей D) патшадай, теңдесіңдей, құрдасыңдай **5-тапсырма.** Мәтіннің негізгі идеясын сақтай отырып, жинақы мәтін жазыңыз. _____ _____ _____ _____ _____	Берілген тапсырманы орындайды. Қосымша деректер жинақтайды.	ҚБ: «Бас бармақ» ҚБ «Бағдаршам»	карточкалар, ғаламтор ресурстары презентация, таратпа материалдар
Сабақтың соңы **5 мин**	**Қорытындылау.** Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Сабаққа кері байланыс береді.		



№32

Сынып:	**Қатысушылар саны: -**	**Қатыспағандар саны:**



Қазақтардың ежелгі баспанасы – киіз үй.

Қазақтардың ежелгі баспанасы – киізүй мәтіні бойынша ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, грамматикадан өткен материалдарды қайталау



Алған білімдерін нақтылау, сауаттылықтарын арттыру

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	**Ұйымдастыру кезеңі.** оқушылармен сәлемдесу, түгендеу, сабаққа дайындығын тексеру, назарларын сабаққа аудару. **Оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсаты хабарланады.**	Оқушылар сабаққа дайындалады **Сабақтың мақсаты мен тақырыбын біледі**		
Сабақтың ортасы	ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ Киіз үй қаңқасын түгел ағаштан – берік ағаштан (қайыңнан, талдан)	Берілген тапсырманы орындайды.	ҚБ «Бағдаршам»	презентация, таратпа материалдар

	жасалады. Киіз үйдің ағаштарын (уық, кереге, шаңырақ, күлдіреуіш) деформациялайды. Деформация – дене пішінің немесе көлемінің өзгеруі. Қайың мен тал басқа ағаштармен салыстырғанда деформациялауға, яғни июге, бұруға, қысуға, созуға ыңғайлы, бір жағынан берік, қатты жақсы материал болып табылады. Үйшілер кептірілген ағаштарды алып қидың малмасына (диффузия процессі жүреді) немесе ыстық шоқ араластырылған күлге (жұмсарту, балқыту) салып балқытады. Киіз үйдің негізгі құрылыс материалы – киіз болып табылады. Синтетикалық материал айналасына оң зарядталған өріс тудырады. Ол өріс адамның ағзасына қолайсыз әсер етеді. Ал киіз – табиғи материал. Қой жүнін сабалап, біріктіріп жасайды. Жүннің жылу өткізгіштігі нашар, өйткені қалай сабаласа да , жүн талшықтарының арасында бірталай ауа болады. Ауаның жылу өткізгіштігі нашар болады, өйткені ауа молекулалары бір – бірінен алыс орналасады			

	да, энергияның бір молекуладан екіншісіне берілуі қиынға соғады. Сондықтан киіз үй аптап шілдеде сая, ызғырықта жылы баспана болады.  **1-тапсырма.** ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ Киіз үйді құрастыруда киіздің қандай түрлері пайдаланылады? 1. _____ 2. _____ 3. _____ 4. _____	Қосымша деректер жинақтайды.	ҚБ: «Өзін-өзі бағалау»	карточкалар, ғаламтор ресурстары
	2-тапсырма. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ Киіз үйдің табалдырығын биік, маңдайшасын төмен етіп жасаудағы мақсат қандай?	Нәтижеге бағытталған білім алады.	ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек»	презентация, таратпа материалдар
	3-тапсырма. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ Материалда «киіз үйдің салмағы жиһаздарды қоса алғанда 300-400 кг, бір түйе көтере алатын жүктің шамасы» делінген. Киіз үй	Берілген тапсырманы орындайды.	**ҚБ** «Бір түйін сөз» әдісі	карточкалар, ғаламтор ресурстары

	салмағының түйе көтере алатындай болу қисындылығын қалай түсіндірер едіңіз? **4-тапсырма.** ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ Мәтінде «киіз үйдің аптап шілдеде сая, ызғырықта жылы баспана болатыны» айтылған. Осы ақпаратты қандай деректермен дәлелдер едіңіз? **5-тапсырма.** ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ Киіз үй құрылысында ең соңғы жасалатын әрекетті белгілеңіз А) Киіз жабылады В) Кереге орнатылады С) Үлкен бақанмен шаңырақты көтереді Д) Киіз үйдің жарма есігі бекітіледі **6-тапсырма.** ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ Киіз үй құрылысында қайың мен тал ағаштарының және қой жүнінің пайдаланылу себебін түсіндіріңіз.	Берілген тапсырманы орындайды. Қосымша деректер жинақтайды. Нәтижеге бағытталған білім алады.	ҚБ: «Бас бармақ» ҚБ «Бағдаршам» ҚБ: «Өзін-өзі бағалау»	карточкалар, ғаламтор ресурстары презентация, таратпа материалдар карточкалар, ғаламтор ресурстары

Сабақтың соңы **5 мин**	**Қорытындылау.** Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Сабаққа кері байланыс береді.		



№33-34

Сынып:	**Қатысушылар саны: -**	**Қатыспағандар саны:**
	**Кітапхана** 	
	Кітапхана мәтіні бойынша ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, грамматикадан өткен материалдарды қайталау	
	Алған білімдерін нақтылау, сауаттылықтарын арттыру	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Мұғалімнің оқу іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

Сабақтың басы	**Ұйымдастыру кезеңі.** оқушылармен сәлемдесу, түгендеу, сабаққа дайындығын тексеру, назарларын сабаққа аудару. **Оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсаты хабарланады.**	Оқушылар сабаққа дайындалады **Сабақтың мақсаты мен тақырыбын біледі**		
Сабақтың ортасы	**КІТАПХАНА**  Кітапхана схемасын пайдалана отырып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер. **1-тапсырма.** КІТАПХАНА Мектеп үшін сіз француз тілдеріндегі романды оқып шығуыңыз керек. Схемадан сіздің оқуыңыз үшін жарайтын кітапты таба алатын секцияның айналасына дөңгелекті сызыңыз. **2-тапсырма .** КІТАПХАНА Жаңа кітаптар қай жерде орналасқан? А)Көркем әдебиет секциясында В)Өзге әдебиет секциясында	Берілген тапсырманы орындайды. Қосымша деректер жинақтайды. Нәтижеге бағытталған білім алады.	ҚБ «Бағдаршам» ҚБ: «Өзін-өзі бағалау» ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек»	презентация, таратпа материалдар карточкалар, ғаламтор ресурстары презентация,

	С)Кіру есігінің жанында Д) Ақпараттық үстелдің жанында **3-тапсырма.** КІТАПХАНА Бұл орын неліктен жаңа кітаптар үшін таңдалуы мүмкін екендігін түсіндіріңіз. _____ _____ _____ _____ _____ **4-тапсырма.** КІТАПХАНА Суреттері бар кітаптар қай жерде орналасқан? А.Балаларға арналған кітаптардың қасында. В.Ойыншықтардың қасында С.Кіру есігінің жанында Д. Жаңа кітаптардың қасында **5-тапсырма.** КІТАПХАНА Кітапхана схемасы не үшін қажет деп ойлайсың? _____ _____ _____ _____ _____ **6-тапсырма.** КІТАПХАНА Кітапханаға суреті бар кітаптар мен ойыншықтар қажет деп ойлайсың ба? Неге	Берілген тапсырманы орындайды. Берілген тапсырманы орындайды. Қосымша деректер жинақтайды.	**ҚБ** «Бір түйін сөз» әдісі ҚБ: «Бас бармақ» ҚБ «Бағдаршам»	таратпа материалдар карточкалар, ғаламтор ресурстары карточкалар, ғаламтор ресурстары презентация, таратпа материалдар

	қажет? Кімдерге қажет? (ойынды дәлелдеп жаз) _____ _____ _____ _____ _____	Нәтижеге бағытталған білім алады.	ҚБ: «Өзін-өзі бағалау»	карточкалар, ғаламтор ресурстары
Сабақтың соңы 5 мин	**Қорытындылау.** Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Сабаққа кері байланыс береді.		



№35

Сынып:	**Қатысушылар саны: -**	**Қатыспағандар саны:**
	**Тамақтың құндылығы**	

	Тамақтың құндылығы мәтіні бойынша ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, грамматикадан өткен материалдарды қайталау
	**Алған білімдерін нақтылау, сауаттылықтарын арттыру**

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің оқу іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	**Ұйымдастыру кезеңі.** оқушылармен сәлемдесу, түгендеу, сабаққа дайындығын тексеру, назарларын сабаққа аудару. **Оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсаты хабарланады.**	Оқушылар сабаққа дайындалады **Сабақтың мақсаты мен тақырыбын біледі**		
Сабақтың ортасы	Адам организмі энергияны тек дене еңбегі үшін ғана емес, сонымен қатар тыныштық кезінде де жұмсайды. Тыныштық кезінде – ұйықтағанда, демалғанда энергия организмнің қызмет етуіне – жүрек соғуына, тыныс алуға, дене температурасын сақтауға, бұлшық ет пен ми жұмысына және т.б. процестерді қамтамасыз етуге жұмсалады. Дене салмағы қалыпты, дені сау адам әр сағатта дене	Берілген тапсырманы орындайды.	ҚБ «Бағдаршам»	презентация, таратпа материалдар

	салмағының әр килограмына 1 килокалория энергия жұмсайтыны ғылыми тұрғыда дәлелденген. Зат алмасу мен энергияның бөлінуі өмір сүрудің негізгі және тірі материяның маңызды белгісі болып табылады. Міне, тірі табиғат өлі табиғаттан осымен еркшеленеді. Зат алмасу (метаболизм) – жоғары интеграцияланған және мақсатты процесс. Организмге түсетін тағамдық заттар күрделі химиялық өзгерістердің нәтижесінде тірі организм ұлпаларының заттарына айналады. Тағамның керексіз қалдықтары организмнен бөліп шығару мүшелері арқылы сыртқа шығарылады. Осылайша зат алмасу процесі нәтижесінде қажетті энергия бөлініп, тірі организмнің өмір сүруін қамтамасыз етеді. Негізгі алмасудың шамасы тыныштық күйде дене салмағы 70 кг ерлерде (20 жас) 1600-1700 ккал – ны құрайды (70 кг х 24 сағ. Х 1ккал), әйелдерде бұл шама 1300-1400 ккал-ға тең (60 кг х 24 сағ. Х 1ккал). Ал дене және ой еңбегі қосымша энергия шығындарын талап			

	етеді. Қызметкер мен үй күтушісіне негізгі алмасуға қосымша 1000-1200 ккал энергия қажет (1600 + 1200 = 2800). Механикаландырылған немесе ауыр дене еңбегімен айналысатын адамға энергияға деген қажеттілік одан 2-2,5 есе көп. Сондықтан да тағам шығындалатын энергияның мөлшеріне сәйкес етіп, әрі оны толықтырылып тұруы керек. Тағамның құндылығы оның энергетикалық бағалығымен сипатталады және тамақ рационында белоктың, май мен көмірсудың болуын қамтамасыз етуі қажет. Әр тағамның өзінің белгілі бір энергетикалық құндылығы болады. Қоректік заттарды (нутриенттерді) – белоктар, майлар, көмірсуларды төмендегідей мөлшерде пайдалану қажет: Ақуыздарды тәулігіне 85-90 грамм (дененің 1 кг салмағына 1 кг салмағына 1 грам мөлшерінде) қабылдаған дұрыс, мұнда белоктардың 35-40 %-ы жануар текті болуы тиіс. Бала организміне қажеттілік дененің 1 кг салмағына 1,5-2 грамды құрайды.			

	Майларды тәулігіне 80-100 грамм пайдалану қажет. Оның жартысы өсімдік текті болуы керек. Көмірсуларды тәулігіне 400-500 грамға дейін пайдалану қажет. Организмнің калориялық шығыны көптеген факторларға – жасқа, жынысқа, еңбек түріне, дене еңбегінің қарқындылығына байланысты. Орындалатын жұмыс сипатына байланысты энергиялық шығындар бойынша 4 топқа бөлінеді: 1.Дене еңбегімен аз айналысатындар үшін 3000-3500 ккал қажет. 2.Дене еңбегімен орташа айналысатындарға – 3200-3500 ккал. 3.Жоғары дене еңбегімен айналысатындарға – 3500- 4000 ккал. 4Аса қиын дене еңбегімен айналысатындарға 4000 және одан да көп ккал қажет. Тәулік бойындағы тағамдық рационның жалпы калориясы былайша бөліну қажет: таңертеңгі ас 25%, түскі ас 35%, бесінді ас 15%, кешкі ас 25%-ды құруы қажет.			

	Тағамдар құндылығының кестесі (100г өнімдегі калория саны) **1-тапсырма.** ТАМАҚТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ Адам организмі энергияны не үшін пайдаланады? А) ұйықтау , демалу үшін В) жүрек соғуына, тыныс алуға С) дене температурасын сақтауға Д) бұлшық ет пен ми жұмысына Е) басқа да процестерді қамтамасыз етуге Ж) барлық жауаптар дұрыс **2-тапсырма.** ТАМАҚТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ Жоғары дене еңбегімен айналысатындар үшін еңбек шығыны күніне қанша Ккал құрайды және осы еңбек шығынының мөлшерін толтыру үшін кестеге қарай отырып бір күндік мәзірін құрып көріңіз. **3-тапсырма.** ТАМАҚТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ	Қосымша деректер жинақтайды. Нәтижеге бағытталған білім алады. Берілген тапсырманы орындайды.	ҚБ: «Өзін-өзі бағалау» ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек» **ҚБ** «Бір түйін сөз» әдісі	карточкалар, ғаламтор ресурстары презентация, таратпа материалдар карточкалар,

	Мақала соңындағы мына бір сөйлемге қараңызшы. Ол мұнда екі бөліммен көрсетілген: Тәулік бойындағы тағамдық рационның жалпы калорияғы былайша бөліну қажет: — бірінші бөлім таңертеңгі ас 25%, түскі ас 35%, бесінді ас 15%, кешкі ас 25%-ды құруы қажет. — екінші бөлім			ғаламтор ресурстары
Сабақтың соңы **5 мин**	**Қорытындылау.** Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Сабаққа кері байланыс береді.		



№36

Сынып:	**Қатысушылар саны: -**	**Қатыспағандар саны:**
	**Қымызмұрындық.** 	

	Қымызмұрындық мәтіні бойынша ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, грамматикадан өткен материалдарды қайталау
	**Алған білімдерін нақтылау, сауаттылықтарын арттыру**

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің оқу іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	**Ұйымдастыру кезеңі.** оқушылармен сәлемдесу, түгендеу, сабаққа дайындығын тексеру, назарларын сабаққа аудару. **Оқушыларға сабақтың тақырыбы мен мақсаты хабарланады.**	Оқушылар сабаққа дайындалады **Сабақтың мақсаты мен тақырыбын біледі**		
Сабақтың ортасы	Қымызмұрындық – бие байлап, алғашқы қымыз ішу тойы. Құлын байлап, бие сауылып оның сүті қорланып ашытылған соң екі-үш күн бойы жиналған қымызға ақсақалдар мен көрші-көлемдер «қымызмұрындыққа» шақырылған. Яғни алғашқы қымыз адамдарға салтанатпен ұсынылып, «көпке бұйырсын» деген тілекпен беріледі. Ақсақалдар үй иесіне рахмет айтып, батасын береді. Халықтың бұл	Берілген тапсырманы орындайды.	ҚБ «Бағдаршам»	презентация, таратпа материалдар

	дәстүрі де қонақжайлықты, жомарттық пен мәрттікті, бірлікті меңзейді. Қымыз ашыту – үлкен өнер. Жаңа сауылған биенің сүтін сүзіп, жылы кезінде күбідегі немесе сабадағы қорға немесе ашытқының үстіне құяды да, бір сағатқа жақын піседі. Қымызды неғұрлым көп піссе, соғұрлым жақсы болады. Мұндағы қор – күбінің немесе сабаның түбінде бұрынғы қымыздан қалған дегенді білдіреді. Халқымыз жыл маусымына қарай уыз қымыз (мамыр қымызы), жазғы қымыз, күзгі қымыз (сірге қияр), қысқы қымыз (қысырақ қымызы) деп те атаған. Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/mangilik_el/shanyirak/salt-dastur/41952/ **1-тапсырма.** Мәтін не туралы? Дұрыс жауапты табыңыз. А) Қонақ күту туралы Ә) Қазақтың салт-дәстүрі туралы Б) Ас мәзірі туралы **2-тапсырма.** Мәтінге қандай атау қояр едің? (2-3 нұсқа дайында) _____ _____	Қосымша деректер жинақтайды. Нәтижеге бағытталған білім алады.	ҚБ: «Өзін-өзі бағалау» ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек»	карточкалар, ғаламтор ресурстары презентация, таратпа

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
_____
_____
_____

3-тапсырма. Кестені толтыр.
<table>
<tr><th></th><th>дұрыс</th><th>бұрыс</th><th>Мәтінде мұндай ақпарат жоқ</th></tr>
<tr><td>Ақсақалдар «Қымыз мұрындыққа» шақырылған.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Жаңа сауылған биенің сүті екі сағатқа жақын піседі.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Құнан қымыз үш тәулік бойы ашытылады.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Берілген тапсырманы орындайды.</td>
<td>ҚБ «Бір түйін сөз» әдісі</td>
<td>материалдар

карточкалар, ғаламтор ресурстары</td>
</tr>
</table>

	«Көпке бұйырсын» деген тілек айтады.				Берілген тапсырманы орындайды.	ҚБ: «Бас бармақ»	карточкалар, ғаламтор ресурстары
	Мұрындық– <u>түйенің</u>, <u>өгіздің</u> танауы арасындағы мұрын шемішегін тесіп, көлденең өткізілетін жіңішке таяқша.						
	4-тапсырма. Сөйлемді жалғастырып жаз. * Халықтың бұл дәстүрі ..... * Алғашқы қымыз адамдарға ..... * Жаңа сауылған биенің сүтін..... * Екі-үш күн бойы жиналған қымызға						

	.... **5-тапсырма.** Сөздерді мағынасын қарай орналастырыңыз.Керекті сөздер: қымыз, ұйытқы, күбі, қымызмұрындық, А) ..... Бие байлап, алғашқы қымыз ішу тойы. Ә) ..... Еменнен жасалған ауыз жағы тарлау, түп жағы кеңдеу қымыз ыдысы. Б) Жылқы сүтінен алынатын кышқыл сүт өнімі. С) Сүт ұйытып, айран жасайтын ашытқы.			
Сабақтың соңы **5 мин**	**Қорытындылау.** Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Сабаққа кері байланыс береді.		

6-ҚҰРЫЛЫМ

Пайдаланылған әдебиеттері тізімі:
Мұғалімдер үшін:

1. Орманова Мария .«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта мектепте «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту әдістемесі» Қызылорда 2018 ж
2. Опанова Ж.«Тілдік дағдыларды дамытуда мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері» Астана 2018 ж

3. Дәулетова Н. А. «Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар» , «Өрлеу » 2019 ж

Оқушылар үшін қажетті әдебиеттер:

1. Ж. Дәулетбекова , Қ. Рай, Л. Жұмекенова «Қазақ тілі » 10 сынып. «Атамұра» баспасы 2019 ж

2. Б. Қапалбек, М. Жолшаева, Ш. Ерхожина, Л Ишанова . «Қазақ тілі» 11 сынып. «Мектеп баспасы» 2020 ж

3. Ергебекова К. Утегенова Н, Жумагазиева Р «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен дидактикалық материалдар» Алматы 2018 ж

ТУКЕНОВА ЕРКЕН ЖАРЫЛКАПБЕРГЕНОВНА,
БІРЖІКЕН АЙГҮЛ ОТАРАЛЫҚЫЗЫ



ЗАМАНАУИ САБАҚ: ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

ОҚУШЫНЫҢ ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ





Отбасы

№ 1 тапсырма.

1. Сұрақтарға жауап жазыңыз. Жауаптарын жатқа айтыңыз.

- Сенің атың (есімің) кім? ----------
- Сенің тегің (фамилияң) кім? ----------
- Жасың нешеде? ----------
- Қай мектепте, нешінші сыныпта оқисың? ----------

Мекен-жайың қандай? ----------

Бос уақытыңда немен шұғылданғанды ұнатасың?----------

2 тапсырма. Сөздердің аудармасын жазыңыз. *(Напишите переводы слов).*
Аты-жөні, танысу, ермек, мекенжай, сынып, қай мектепте?, сенің жасың, менің атым (есімім), менің тегім, оныншы сыныпта оқимын, көше, даңғыл, пәтер, пәтерде, көшеде, кешкі (сырттай) бөлімі, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, мемлекеттік мекеме, «№ 15 орта мектебі», мен Өскемен қаласында тұрамын, мен ауылда тұрамын, тоғызыншы сыныпта оқимын, үйде тұрамын, пәтерде тұрамын, он бірінші сыныпта оқимын.

3 тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып жазыңыз. *(Вместо многоточий вставьте нужные буквы).*
С....ңлі, а.....а, қам....ор, дәст....р, жи....аз, с....лу, ...же, о...ушы, ...стаз, әдепт..., оңтүст...к, к...з, күм...с, біл...м, ...дебиет, к...нбатыс, солтүст...к, дүйсенб..., гау...ар, желто...сан, сейсенб...., ж...мыс, бұлб...л, тем...р, к...рме, ша...ғы, айда...ар, те...ге, қа...тар, жа...а, жал...ау, қарлы...аш, к...пір, а...аш, е...бек, қаза..., жет...м, ке...ес, с...йлем, с...т, т...л, к...ңіл, ес...к, б...ркіт, д...мді, денсаулы..., ұш...ыш, жан...я, қ...рылыс, ки...з үй, қол...нер, қ...рмет, к...ркем, ән...ран, елта...ба, байра..., р...міз.

4 тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз. Сөйлемдерге сұрақтар құрастырыңыз.

Менің атым – Әсел. Мен Шығыс Қазақстаннанмын. Өскемен қаласында туып-өстім. Астанаға оқу үшін келдім. Мен Назарбаев университетінде оқимын. Биыл екінші курс студентімін. Жатақханада тұрамын. Бос уақытымда спортпен шұғылданамын, жолдастарыммен кездесіп, қыдыруды ұнатамын.

5. Ай аттарын оқып, жаттап алыңыз.

Қыс айлары – Зимние месяцы

Желтоқсан – Декабрь
Қаңтар – Январь
Ақпан – Февраль

Жаз айлары – Летние месяцы

Маусым – июнь
Шілде – июль
Тамыз – август

Көктем айлары – Весенние месяцы

Наурыз – март
Сәуір – апрель
Мамыр – май

Күз айлары – Осенние месяцы

Қыркүйек – Сентябрь
Қазан – октябрь
Қараша – ноябрь



Бақыт

Мәтін - Бақыт

Ерте, ерте, ертеде жайқалған үлкен алма ағашы болыпты. Бір кішкентай бала үнемі сол алма ағашының көлеңкесінде ойнағанды жақсы көретін. Ағаштың ең басына шығып, нәрлі жемісін жеп, көлеңкесінде ұйықтайтын еді. Ағашты жақсы көретіні анық еді. Ағаш та баланы жақсы көретін. Уақыт өте, бала ер жетіп, ағаштың көлеңкесінде көп ойнамайтын болды. Бір күні бозбала көңіл күйі болмай, алма ағашына келеді.

– Менімен ойнашы, – деп өтінеді ағаш.

– Ағаштың көлеңкесінде ойнайтын кішкентай бала емеспін. Қазір мені басқа заттар қызықтырады, бірақ оларды сатып алуым үшін ақшам жоқ, – деп жауап береді жігіт.

– Қап, менде де ақша жоқ... Бірақ сен барлық алмаларымды жинап алып, оларды сатсаң, табыс таба аласың.

Бозбала қуанып, ағаштың барлық жемісін жинап алады да, тағы да ұзақ уақытқа жоқ боп кетеді. Бірер жылдан соң ғана қайтып келеді. Кешегі бозбала ендігі азамат болды. Ағаш оны көріп қатты қуанады.

– Менімен ойнашы! – деп өтінеді ағаш.

– Ойынға еш уақытым жоқ. Жұмыс істеуім керек, балашағамды асырауым керек. Үй керек, жай керек. Көмектесе аласың ба? – Кешір... Менің үйім жоқ. Бірақ бұтақтарымды кесіп, солардан үй жасауыңа болады...

Адам қуана келіседі де, ағаштың бұтақтарын кесіп алады. Адамның қуанғанын көріп, ағаш та қуанады. Содан адам тағы да ұзақ уақытқа көрінбей кетеді. Көп жылдардан соң адам қайтадан ағаштың жанына келеді.

Ағаш:

- Досым,кешір. Саған беретін еш нәрсем қалмады. Алма да жоқ...

- Керегі де жоқ. Алма жейтін тісім де қалмады, – дейді

адам. Ағаш: дейді.

- Үстіме шығарып ойнатайын десем, бұтақтарым да жоқ, –Ойын үшін тым кәрімін, – дейді адам.

-Саған ешбір нәрсемен пайдалы бола алмайтыным мені

қатты мұңайтады. Бар қалғаны – кәрі, құрап бара жатқан тамырларым ғана, деді ағаш мұңайып.

- Маған көп нәрсенің керегі жоқ. Демалатын бір орын болса, болғаны. Өткен жылдар шаршатыпты, – деді адам.

- Кәрі ағаштың тамырлары – демалу үшін жақсы жер, жантайып демала ғой, – дейді кәрі ағаш. Кәрі адам ағаштың түбіне отырып, жанына тыныштық тапқандай болады. Ағаш болса адамның бақытын көріп, тағы бір қуанды.

1-тапсырма. БАҚЫТ

Мәтін мазмұнына сәйкес мақалды анықтаңыз. А) Адамның сұлулығы – шыншылдығында.

В) Ары таза жігіттің ары таза. С) Уақыт – көшкен керуен.

Д) Бақыт белгісі – білім.

Е) Кең болсаң – кем болмайсың.

2-тапсырма. БАҚЫТ

Ағаштың отбасылы жігітке берген көмегін белгілеңіз. А) Арманын тыңдады

В) Алмасын берді

С) Гүлдерін сыйлады Д) Тыныштық сыйлады

Е) Бұтақтарын кесіп берді

3-тапсырма. БАҚЫТ

Адамның ағашты риясыз жақсы көретіні қай өмір кезеңінде суреттеледі?

А) 2

В) 3

С) 4

Д) 1

Е) 3,4

4-тапсырма. БАҚЫТ

Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін нұсқаны табыңыз. А) Ағашты үнемі күтіп-баптады.

В) Ағаштың жемісін сатты.

С) Ағаштың жемісін жинап алды.

Д) Бала кезінде ағаштың нәрлі жемісін жейтін.

Е) Ағаштың бұтақтарын кесіп алды.

5-тапсырма. БАҚЫТ

Мәтін соңында ағаштың мұңаю себебін түсіндіріңіз.

_____

_____

6-тапсырма. БАҚЫТ

Мәтіннің «Бақыт» аталу себебін түсіндіріңіз.

_____
_____



Менің мектебім

1тапсырма. Мәтінді толықтырыңыз. Мәнерлеп оқып, аударыңыз

Менің мектебім

Менің аты-жөнім - ..... . Мен ..... мектепте ..... сыныпта оқимын. Менің мектебім ..... көшесінде орналасқан. Мектебімізде ..... оқушы бар. Мектеп директоры – ..... . Сынып жетекшіміз – ..... . Мектепте тәжірибелі мұғалімдер жұмыс істейді. Сабақтары қызықты, тартымды өтеді.

Мектебім ..... қабатты, іші кең, жарық және таза. Сыныптар қазіргі талапқа сай жабдықталған. Бірінші қабатта спортзал, асхана, шеберхана, мектеп мұражайы бар. Екінші қабатта үлкен акт залы, кітапхана, компьютерлік кабинеттер бар. Мектептің ауласы кең, онда көптеген ағаштар
өсіп тұр. Мектеп алдындағы гүлзарларда ..... өсіп тұр. Ауладағы спорт алаңында түрлі спорт ойындары өткізіледі. Маған мектебім өте ұнайды.

2 тапсырма. Сөйлемдерді оқып, аударыңыз. Жатқа айтып беріңіз.

Бір жылда төрт мезгіл бар: қыс, көктем, жаз, күз. Бір жыл мезгілінде үш ай бар. Жылда он екі ай бар. Қыс айлары – желтоқсан, қаңтар, ақпан. Көктем айлары – наурыз, сәуір, мамыр. Жаз айлары – маусым, шілде, тамыз. Күз айлары – қыркүйек, қазан, қараша.

Әр айда төрт апта, әр аптада жеті күн бар. Олар: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. Бір тәулікте 24 (жиырма төрт) сағат бар. Бір сағатта 60 (алпыс) минут бар. Бір минутта 60 секунд бар.

3 тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс құраңыз.

1. Бітірушілер, жас, отырғызған, ағаштарды, мектеп.
2. Сабақ, Қасиет, бізге, қазақ, береді, апай, тілінен.
3. Кітапханада, залы, оқырмандар, бар, үлкен.
4. Үйден, жаңадан, мектебім, емес, алыс, салынған.

4. Сөздерді буынға бөліп, түрін ажыратыңыз.

Ескерткіштер, ықшамаудандар, өнеркәсіп, өкілдері, ауыл, көшелері, орындары, өкілдері, тұрады, орналасқан, қалада, мәдениет, ұлттық, орталық.

5 тапсырма. Жіңішке дауысты және жуан дауысты дыбыстары бар сөздерді бөліңіз. Оларды екі бағанға жазыңыз.

Тасқын, жұлдыз, мектеп, терезе, әдепті, өнерлі, сәрсенбі, мұғалімдер, алаң, математика, қазақ, мұражай, тіл, жиналыс, ай, апта, жұма, теңге, гүлдер, еден, кітапхана, оқушы, оқулық, өшіргіш, мемлекет, толқын, ақсақал, көзілдірік, жаттығу, мәтін, аудару, орындау, әдебиет, шығарма, мазмұндама, бұрыш.



Табиғатты сақтау – болашақты сақтау

ТАБИҒАТТЫ САҚТАУ – БОЛАШАҚТЫ САҚТАУ.

Сенатор Мұрат Бақтияұлының айтуынша, қоршаған ортаны қорғау бағытында мемлекеттік бағдарламаларымыз баршылық. Алайда, бұл мәселеде дабыл қағарлық жағдай көптеп орын алуда. Ресми мәліметке сүйенсек, жерімізде мекендейтін аң мен құстың 300-ден астам түрі толық жойылып кету қаупінің алдында тұр. 2015 жылмен салыстырғанда, 2016 жылдың көктемінде Қазақстандағы құстар саны 2 млн-ға кеміп кеткен. Осыған орай, Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі» комитеті 16 ақпан мен 14 маусым аралығында көктемгі аң-құс аулау маусымына тыйым салды. «Комитет шешімі дұрыс емес, жануарлар дүниесіне аңшылардың еш қиянаты жоқ,»

- деп қаптаған аңшылық мақсаттағы шаруашылықтар ашық хат жазып, өре түрегелуде.Эколог Сәдібек Түгелдің мәліметінше,заңсыз аң аулаушылар «Қызыл кітапқа» енген аң-құсты аулау кезінде олардың арнайы кітапқа енгенін, ерекше қорғауда екенін біле тұра, табиғатқа залал келтіруге тырысады.

Экологтің пікірінше, біз «Қызыл кітапқа» енген жан- жануарларға, құстар мен өсімдіктерге жеткілікті дәрежеде қамқор болып отырғанымыз жоқ. Броконьерлер оларды қалауынша атып, жасырып сатып, бас пайдасына жаратып жатыр. Жалпы, елімізде табиғатқа жанашырлық өте төмен деңгейде. Табиғаттың қай байлығы болмасын, аяусыз тоналып жатыр. Негізі, «түлкінің құйрығы өзінің соры» дегендей, «Қызыл кітапқа» енген қайбір аң

болмасын, өзінің бір артықшылығымен адамзаттың көзіне түскен деуге болады. Мәселен, киіктің немесе бұғының мүйізі қымбат бағаланғандықтан, оны әдетте, броконьерлер шетелге өткізуге әуес. Сондықтан мүйізі үшін атып өлтіріп, мүйізін кесіп алып, ал денесін далаға тастап кете баратындар жетерлік.

Неге халықаралық деңгейдегі қорғалып жатқан аң-құс, өсімдіктер біреулердің жеке мақсаты үшін жойылуы керек?! Сондықтан тез арада табиғатты қорғауға қатысты, жазасы күшейтілген, әсіресе,

«Қызыл кітапқа» енген аң-құсты жойғаны үшін залалының орнын бірнеше есе көбейтіп қайтаратындай жаза қарастырмасақ, «Қызыл кітапты» ғана құшақтап қалуымыз әбден мүмкін. (251 сөз)

1-тапсырма. «Қызыл кітап» қорғаған аң - құстарды біз қорғай алмаймыз ба? Сенің пікірің..

2-тапсырма. Мәтіннің стилін анықтаңыз.

А) публицистикалық стиль

В) көркем әдебиет стилі С) ресми іс-қағаздар стилі

Д) ғылыми-көпшілік стиль

3-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтінге тән стильдік, тілдік ерекшеліктерді белгілеңіз.

А) ресми сөздер, даяр тіркестер қолданылған

В) образды, эмоционалды, экспрессивті сөздер қолданылған

С) көркемдік тәсілдер, суреттеме құралдары қолданылған

Д) ғылыми терминдер қолданылған

Е) деректер дәлелді, зерттелген

Ж) стильдік қайталау, антитеза қолданылады

4-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөздер қандай принципке негізделіп жазылған?

А/ морфологиялық принцип

В/ фонетикалық принцип

С/ морфологиялық-фонематикалық принцип Д/ тарихи-дәстүрлік принцип

5-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз және көтерілген мәселеге қатысты баға беріңіз.

_____
_____
_____

6-тапсырма. Мәтіннен өзіңіз таңдаған екі терминдік атауға түсініктеме беріңіз

_____
_____
_____



Өз қалаң

1 тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз. Өз қалаңыз (ауылыңыз) туралы жатқа айтып беріңіз

1. Сен қай қалада (ауылда) тұрасың?
2. Қала (ауыл) қай жерде орналасқан?
3. Ол қандай қала (ауыл)?
4. Қалада (ауылда) қанша тұрғын бар?
5. Қалада (ауылда) қанша ұлт өкілдері тұрады?
6. Қандай оқу, мәдени орындары бар?
7. Қалада (ауылда) қандай ескерткіштер бар?
8. Қала (ауыл) көшелері қандай?
9. Қалада қандай ықшамаудандар бар?
10. Қалада қандай өнеркәсіп орындары бар?

2 тапсырма. Сөз тіркестерін аударып, сөйлемдер құрастырыңыз.

Возле театра, за городом, посреди площади, в парке, вдоль улицы.

3 тапсырма. Буынға дұрыс бөлінген сөзді табыңыз.

а) Тал-дық-ор-ған
ә) Тал-ды-қо-рған
б) Тал-ды-қорғ-ан
в) Тал-ды-қор-ған
г) Та-л-ды-қор-ған

а) Респ-уб-ли-ка
ә) Р-есп-убл-ика
б) Ре-спу-бл-ика
в) Рес-пуб-ли-ка
г) Р-еспу-бли-ка

4. Мағынасы бір-біріне жақын сөздердің сыңарын тауып жазыңыз .

Жолаушы, шал, қалың, дәу, жұқа, білгір, қария, қымбат, ғалым, жуан, жіңішке, үлкен, ғұлама, асыл, ұғу, бос, түсіну, мән, мағына.

5. Берілген сөздердің синонимдерін жазыңыз

Әдемі, тамаша, үлкен, ескі, халық, әйгілі, тәуір, назар аударды.



Болашақ – ғаламтор-журналистикада

БОЛАШАҚ – ҒАЛАМТОР-ЖУРНАЛИСТИКАДА

Ғаламдық желіні өз мақсаттарына тиімді пайдалана білгеннің асығы түгел екенін уақыт дәлелдеп отыр. Ғаламтор желілері - бұқаралық ақпарат құралдарының ішіндегі ең жаңа түрі. Баспасөз қызметі тұрғысынан алғанда, WEB-сайттардың былайша жіктелуі тақырыптық бағыты жағынан тиімді болып табылады: жаңалық таратын WEB-сайттар (мысалы,http://www.24.kz.); сараптама, талдау жасайтын WEB-сайттар (мысалы,http://www.abai.kz/.); басқа да әлеуметтік желілердің қоры (http:// baq.kz,). Басқа БАҚ құралдарына қарағанда қажетті ақпаратты орналастыру, ақпарат алу жылдамдығы, оңтайлы пайдалану жағынан ең арзанға түсетіні- осы ғаламтор. Әрине, көптеген салалық веб-қорларға материал орналастыру тегін болуы да мүмкін, бірақ ғаламтордың аудиториясы анағұрлым ауқымды. Ғаламтор баспасөз қызметінің жеке пайдалануына да ыңғайлы болып табылады.

Зерттеушілердің пікірінше, қазіргі баспасөз қызметі өз ақпараттарын баспасөзден гөрі жылдам тарайтын ғаламтор желілеріне орналастырғанды жөн санайды. Баспасөз қызметі, ең алдымен, өз жұмысында халықтың қай тобының өздеріне мақсатты аудитория бола алатынын ұғынып алуы қажет. Мақсаты мен міндетіне қарай аудитория да ауысып отыруы мүмкін. Себебі баспасөз қызметінің баспасөз-релиздері (терілген материалдар, кестелер, бағдарламалар, мәліметтер) бір сағаттың ішінде әртүрлі мақсаттағы аудиторияға бағытталады.

Болашақ – ғаламтор-журналистикада, онда еркіндік көп және бақылау да азырақ. 2020 жылы жер бетінде ғаламдық желіге жалғанған қондырғылардың жалпы саны 26 миллиардқа, ал смартфон қолданушыларының саны 6,1 миллиардқа жетеді. Нәтижесінде, мобильді интернеттің даму қарқыны қазіргіден бетер күшейіп, оның ғаламшарды қамту көрсеткіші 90 пайызды көрсетпек. Бұл сандық деректер

қазірдің өзінде біраз қауқарын жоғалтып үлгерген баспасөздің ертеңін күмәнді ете түсті.(210сөз)

1-тапсырма. «БАҚ-тың бүгіні мен болашағы қандай?»

_____

2-тапсырма. *Мәтінде берілген мәліметтер бойынша шындықжәне жалған ақпараттарды ажыратыңыздар*

АҚПАРАТ	**Шындық**	**Жалған**
Ғаламтор желілері - бұқаралық ақпарат құралдарының ішіндегі ең жаңа түрі.		
Қазіргі баспасөз қызметі өз ақпараттарын баспасөзден гөрі жылдам тарайтын ғаламтор желілеріне орналастырғанды теріс санайды.		
2020 жылы жер бетінде ғаламдық желіге жалғанған қондырғылардың жалпы саны 26 миллиардқа, ал смартфон қолданушыларының саны 6,1 миллиардқа жетеді.		
Мобильді интернеттің даму қарқыны қазіргіден бетер күшейіп, оның ғаламшарды қамту көрсеткіші 100 пайызды көрсетпек.		

3-тапсырма. *Ғаламтордың қай сайты пайдалы екенін дәлелдеп жазыңыз.*

_____



Менің Отаным

1 тапсырма. *Мәтінді оқып, аударыңыз. Жатқа айтып беріңіз.*

Менің Отаным

Менің Отаным – Қазақстан. Бұл ел Еуразияның орталығында орналасқан. Қазақстан – Қытай, Ресей, Қырғыз, Өзбек, Түркіменстан, Әзірбайжан республикаларымен шектесетін тәуелсіз мемлекет. Қазақстан – таңғаларлық әдемі жер. Мұнда Іле Алатауы, Ертіс, Сырдария, Амудария өзендері және шетсіз-шексіз дала жатыр...

Қазақстан – әртүрлі халық өкілдері бейбіт тұрып жатқан ел. Еліміздің ұлан-байтақ даласында есепсіз байлық бар, бұл – сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер, пайдалы қазбалар. Біздің Қазақстанда Астана, Алматы, Павлодар, Шымкент, Қарағанды сияқты көркті қалалар бар. Мен Қазақстанды өте жақсы көремін.

2 тапсырма. *Сөз тіркестерінің әрбір сыңарына сұрақ қойыңыз.*

Менің Отаным, тәуелсіз мемлекет, әдемі жер, көркті қалалар, Қазақстанда тұрады, көшелері кең, әртүрлі жануарлар, бақытты болашақ, ағып өтетін Есіл өзені, көп қабатты тұрғын үйлер, көз тарту, алыс шетелдерден келген қонақтар, мәдени орталығы, ең алғашқы астанасы, жарлыққа қол қою.

3 тапсырма. *Оқиғалық тапсырмалар. Төмендегі жағдайларға байланысты диалогтар құрастырыңыз.*

1. Сіз туристік сапармен Қазақстанға келдіңіз. Саяхат жетекшісінен не сұрайсыз?
2. Автобуста сенен терезені жабуды өтінді.

4 тапсырма. *Берілген сөздердің антонимдерін табыңыз.*
Жақын, кең, кіші, таза, жаңа, аласа, ұзын, ірі, зор, биік, бай, пайдалы.

5 тапсырма. *Қарсы мәндес сөздерді тауып жаз.*
Қалың, қымбат, мағына, жұқа, арзан, сырты, үлкен, жеңіл, бар, кіші, ауыр, іші, жоқ, мағынасыз.

6 тапсырма. *Мәтінді оқып, аударыңыз. Әр сөйлемге сұрақ құрастырыңыз.*

_____

_____



Болашақтың мамандықтары

БОЛАШАҚТЫҢ МАМАНДЫҚТАРЫ.

Мамандық таңдау – маңызды іс. Уақыт өте дәстүрлі мамандықтар сұраныстан айырылып, жаңа маман иелері пайда болады. Fast Future британдық агенттіктің футурологтары (әлеуметтік процестердің келешегін қамтитын білімдер саласын зерттеушілер) 2030 жылы сұранысқа ие болып, кең жайылатын мамандықтардың тізімін болжады.

Сонымен, айналдырған он шақты жылдан кейін мынандай маман иелері қажет болады:

Наномедицина қызметкері – адам денесінің мүшелерін қайта жасайтын маман.

Ғарыш туризм мамандары – ұшқыштар, бортинженерлер мен гидтар. Дамыған технология ғарышқа саяхаттауға мүмкіндік беріп, жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Жер болашақта үлкен құндылыққа айналып, жерді үнемдеу өмірдің кез келген саласында байқалады. Өндіріс пен шаруашылық көп жерді алмас үшін, «тігінен тұратын фермалар мен өндіріс орындары» көбейеді. Осы салада жұмыс істей алатын мамандардың қажеттілігі де артады.

Климат өзгерісі бойынша маманболашақта ең жиі кездесетін мамандықтардың қатарында болады.

Қарт кісілердің денсаулығын күтуші маман тек үлкен кісілерге медициналық көмек көрсететін болады. Адамның табиғи есін жақсартып, «жадысын» көбейтетін арнайы хирург пайда болады. Виртуалды құқықтың заңгері қарапайым заңгерлерден де үлкен сұранысқа ие болады.

Қозғалыс көліктеріне балама ойлап табатын кісілер де қоғамға өте қажет болады. Жеке журналист біреудің жеке БАҚ-ында жұмыс жасайды, олардың саны күрт көбейеді. Уақыт биржасындағы брокер мамандығы қазіргі ақша брокеріндей танымал болады. Қоғамдық желідегі қоғамдық қызметкер. Бұл кісі қоғамдық

желілер арқылы жағдайы төмен, жаман әдеттерге шалдыққан қолданушыларға көмекке келеді.
Жеке бренд-менеджер. Қазіргі пиар-менеджерлері сияқты белгілі біреу туралы басқалар арасында жақсы ой қалыптастыруға тырысады. Қазірде мұндай жұмысшы жұлдыздарда ғана болса, болашақта әр адамның өз бренд-менеджері пайда болады. (227сөз)

1-тапсырма. «Мамандықты дұрыс таңдаудың маңызы қандай?»
_____
_____

2-тапсырма. «Мамандығым - болашағым» соңғы жылдары кейбір мамандықтарға сұраныс азайып, жаңа мамандықтар пайда болуда, неге?
_____
_____

3-тапсырма. Он шақты жылдан кейін қандай маман иелері қажет екенін мәтінге сүйеніп дәлелде.
_____
_____



Астана

Мәтінді оқып, аударыңыз.

Астана

1998 жылы мамырдың 6-сында Елбасының жарлығымен Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды. Аз уақыттың ішінде Астана қаласы көрікті қалаға айналды. Қаланың ортасынан ағып өтетін Есіл өзенінің екі жағындағы батпақ, қалың өскен қамыстың орны қала халқы демалатын жағажайға айналды. Астана қаласында Президент сарайы, Парламент ғимараты, «Интерконтиненталь» қонақ үйі, Еуразия университетінің жаңа корпусы, Жастар сарайы, министрліктердің үйлері, көп қабатты тұрғын үйлер мен ғимараттар

бой көтерді. Парламент үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштері орнатылды.

Әсем Есілдің оң жағасында салынып жатқан жаңа Астананың сұлулығы ерекше. Мұндағы салынып жатқан құрылыстар алыстан көз тартады. «Бәйтерек» ғимараты Астана тұрғындарын, жақын, алыс шетелдерден келген қонақтарды таң қалдырады.

Астана – Қазақстан Республикасының саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы, бас қала.

3 тапсырма. *Сөйлемдерге грамматикалық талдау жасаңыз.*

	қандай?	ненің?	қандай?	несі?
не?				
Үлгі: Қазақ Республикасының ең алғашқы астанасы Орынбор				
не істеді?				
болды.				

1. Қазақ Республикасының ең алғашқы астанасы – Алматы.
2. Саяхат жетек-шісі Астана туралы әңгімелеп тұр.
3. Біз Астананың көрнекті жерлерін аралап жүрміз.
4. Менің досым Астанаға баруды армандап жүр.
5. Оқушылар гүл шоқтарын Парламент үйінің алдында тұрған Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштеріне қоып жатыр.

4 тапсырма. *Мына сөйлемдерге әр түрлі сұрақтар қойыңыз.*

1. Біздің елімізде көптеген ұлт өкілдері араласып тұрады. 2. Қазақ халқы ана тілінде батырлар жырларын, ғашықтық жырларын, ертегілерді, мақал-мәтел-дерді шығарған. 3. Қазақстандағы көптеген ұлт өкілдері өз ана тілдерін ұмыт-пауға тырысады. 4. Қазақстанда орыс, неміс, ұйғырлар арасында қазақ тілін жақсы білетін адамдар аз емес.

5 тапсырма. Жұрнақтарды пайдаланып, сөздерден туынды етістіктер жасаңыз және орыс тіліне аударыңыз.

-ла/-ле, -да/-де, -та/-те

Мереке, мейрам, құрмет, қадір, бас, маза, есеп, сурет, ой, баян, тіс, жаза, тегіс, орын, жөн, салқын, іс, із, жаман, жақын, шеге, тізе, аяқ, қол, әңгіме, таза, би, ақ, тың, ем, аяқ, баға, бейне, үтік, жұқа, жара, үн, гүл, өркен, арман.



Роботтар әлемі.

РОБОТТАР ӘЛЕМІ

Робот - тірі ағзаға ұқсатып жасалған автоматты құрылғы. Алғаш рет «робот» сөзін чех жазушылары Карел және Йозеф Чапек 1920 жылы енгізген. «Робот» чехтің «робота» немесе

«робот» сөзінен шыққан «еріксіз еңбек ету» деген мағынаны береді. Робот қоршаған әлеммен әрекеттескен кезде адамның (жануарлардың) қызметтері мен қимылын ішінара немесе толық атқарады. Алғашқы роботтар адамның қозғалысы мен сырт пішінін қайталады. Қазіргі кезде тұрмыстағы көптеген қызметтерді атқаратын, қадағалайтын, мүгедектер мен сәбилерге көмекші, көңілін аулайтын, т.б. роботтар жасалынды. Интеллектуалдық роботтар да пайда бола бастады. Робот техниканың дамуы барысында адамдарды қиын жерлердегі (су астындағы, ғарыштағы) қызметтерден босатады. Робот бір сарынды ауыр, жоғары радиациялы, жоғары немесе төмен температура жағдайларындағы және адам қатынауы қиын жерлер де жүре алады. Олар үнемі дамып келеді.

Мұндай құрылғылар мен механизмдер өнеркәсіптік роботтар деп аталады. Өнеркәсіптік роботтар - өндіріс процесінде адамның қозғалу және басқару сияқты іс-әрекеттерін және технологиялық құралдардың қызметтерін орындайтын автоматтық машина. Әлеуметтік роботтар адамдармен байланыс орнататып, сөйлеседі. Қазіргі кезде роботтардың көптеген түрлері бар. Олар әртүрлі орталарда әртүрлі жолмен қолданылады. Қолдану мақсаты мен сыртқы келбеті әртүрлі болғанымен, құрылымына келгенде баршасында 3 бірдей жерлері бар. Бірінші, әр робот механикалық құрылғы, рамадан тұрады. Сол раманың түрі қолданылатын мақсатына қарай өзгереді.Роботтыңформасы атқаратын функциясымен тікелей байланысты. Екінші,әр робот электр бөлшектерден тұрады.Осы бөлшектер робот жүйелерін толығымен бақылайды. Үшінші, барлық роботтар кішкене болса да компьютер кодын керек етеді. Сол алгоритмде робот қалай қызмет ету керектігі көрсетіледі. Бағдарламаның ішіне код жазған адам робот шешімін қалай және қашан қабылдап, әрекет ететінін жазады. Негізгі үш түрлі алгоритмдер бар: қашықтан басқару, жасанды интеллект және гибрид.

Ғылыми фантастика жазушысы- Айзек Азимов әлеуметтік роботтарға арналған, құрамына төмендегідей шарттар кіретін нақты заңдарды ұсынды.

1.Робот адамға зиян келтірмеуі керек және адамға зақымның келуіне жол бермеуі керек.

2.Робот адамның бірінші заңға қайшы келмейтін барлық бұйрықтарына бағынуы тиіс.

3.Робот бірінші және екінші заңдарға қайшы болмайтындай етіп өзін қорғауға міндетті. Міне, қазіргі дамыған роботтарды да осы заңдарға сүйеніп жасайды. (300 сөз)

1-тапсырма. Мәтіннен мына сөздердің сәйкес мағыналарын табыңыз.

Жұмыстары-

Өсуі -

Әрдайым -

Аз -

Қажет етеді-

2-тапсырма. Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз. Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыз.

Мысалы: Робот -тірі ағзаға ұқсатып жасалған автоматты құрылғы.

Жауабы: Тірі ағзаға ұқсайтын автоматты құрылғы - робот.

А)Алғаш рет «робот» сөзін чех жазушылары Карел және Йозеф Чапек 1920 жылы енгізген. Чех жазушылары ....

_____

_____

Ә) Алғашқы роботтар адамның қозғалысын, сырт пішінін қайталады.

Адамның қозғалысы ...

_____
_____

Б) Робот техниканың дамуы барысында адамдарды қиын жерлердегі (су астындағы, ғарыштағы) жұмыстардан босатады. Адамдарды ...

_____
_____

В)Әлеуметтік роботтар адамдармен байланыс орнататып, сөйлеседі.

Адамдармен …

_____
_____

3-тапсырма.Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Мүмкіндігінше, өз сөзіңізбен жауап беруге тырысыңыз.

А)Робот қоршаған әлеммен қандай әрекет арқылы байланысады?

_____
_____

Ә) Роботтардың қандай ұқсастықтары бар? Кем дегенде 2 ұқсастығын көрсетіңіз.

_____
_____

Б) Айзек Азимов әлеуметтік роботтарға арналған қандай заңдарды ұсынды? Кем дегенде 2 заңын көрсетіңіз.

_____
_____



Киіз үй

1 тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз. Сұрақтар құрастырыңыз.

Киіз үй

Киіз үй – Орталық және Орта Азия халықтарының негізгі баспанасы. Ол – көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі. Киіз үй біздің заманымыздан 3 мың жыл бұрын қола дәуірінен белгілі.

Көшпенділердің киіз үйі – тарихымыздағы ең бірінші архитектуралық құрылыс. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Сондықтан, шопандар да, туристер де пайдаланады. Киіз үй жер сілкінісінде де ыңғайлы, өйткені ол оңайлықпен бұзылмайды.

Киіз үйдің негізгі бөліктері:

Кереге киіз үйдің негізін құрайды.

Уық – кереге мен шаңырақ ортасын қосатын негізгі бөліктің бірі.

Шаңырақ киіз үйдің күмбез еңсесін құрап, үй сүйегін тұтастырып тұрады.

Шаңырақ – киелі мүлік.

2 тапсырма. *Асты сызылған сөздердің қай септікте тұрғанын анықтаңыз.*

Екі адам <u>бір-бірімен</u> ұрысып, арызға келді. <u>Киіз үйді</u> қыс болсын, жаз болсын артып жүре береміз. Олар ақырында <u>маған</u> келіпті. Қыста сіз <u>жер үйде</u> тұрарсыз. <u>Ақшаңызға</u> жер үй мен киіз үй сатып аларсыз. Туыстарыма <u>қонаққа</u> бардым. Тілек-бата сөздер – <u>халықтың</u> ежелгі мұрасы.

3 тапсырма. *Мәтінді оқып, аударыңыз. Мәтін бойынша диалог құрастырыңыз. (Прочитайте текст, переведите. Составьте диалог по тексту).*



Ғаламтор ғаламаты

ҒАЛАМТОРДЫҢ ҒАЛАМАТЫ

Youtube – Жер шарындағы ең ауқымды бейнематериалдардың кешені. Мұнда кез-келген адам өзінің туындысын (видеоматериал), идеяларын бүкіл әлемге паш ете алады. Қазір үйде отырып-ақ ақша тауып, атаққа ие болып жатқандар саны артуда. Жыл сайын қараушылар саны 40%-ға көбейіп отыратын Youtube туралы не білесіз?

Қазақстандық интернет қолданушылардың 79%-ы 18 жастан асқандар, яғни белсенділік 18-24 жас аралығы. Соның ішінде 35% Youtube-тың тұрақты қараушылары.

Оның артықшылықтары:

- Youtube.com сайтына қолданушылар бірнеше форматтарда бейнематериал сала алады: mp4, OGG, avi, mpeg, DV, DivX, Xvid;
- Қай форматта салынса да, Youtube оларды автоматтты түрде Flash Video – mp4 форматына ауыстырады;
- Бірнеше жолдар арқылы Youtube-тан видео жүктеуге мүмкіндік бар. 2009 жылы тікелей Youtube-тың өзінен жүктейтін функциясы болған, бірақ 2011 жылы ол функция жойылды;
- Орташа жылдамдықтың өзінде мұнда видеоматериалдарды еркін тамашалауға болады;
- Күніне 2 млрд қаралым болады;
- Бір минутта 60 сағаттық видеоматериал салынса, күніне 86400 сағатқа жетеді;
- Жойылған белгісі бар видеоматериалдарды Deleted YouTube Video Viewer арқылы қайта көруге болады;
- Youtube арқылы танымалдылыққа қол жеткізуге болады.

1-тапсырма. Youtube-қа қандай форматтар арқылы бейнематериалдар салуға болады?

_____

2-тапсырма. «Youtube арқылы танымалдылыққа қол жеткізуге болады» деген тұжырымдамамен келісесіз бе? Не себепті?

_____

3-тапсырма. Мәтінде үйде отырып-ақ ақша тауып, атаққа ие болып жатқандар санының артқаны туралы айтылған. Осы ақпаратты қандай деректермен дәлелдер едіңіз?

_____

4-тапсырма. Youtube-тың артықшылығы туралы мәтіндегі ақпаратқа тағы не қосар едіңіз?

_____

5-тапсырма. Мәтіннен өзіңіз таңдаған екі терминдік атауға түсініктеме беріңіз.

_____

6-тапсырма. Мәтіндегі мәліметтерге сүйене отырып, 2 нақтылау сұрағын құрастырыңыз.

_____



Цифрлық инфрақұрылым.

ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі дамыған цифрлық инфрақұрылым болып табылады. Сондықтан білім беру ұйымдарында IT-инфрақұрылымды, цифрлық білім беру ресурстарын, ашық онлайн-курстардың желілері мен платформаларын дамытып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру қажет. Мектеп бойынша білім беруді цифрландыруды жүзеге асырудың жоспары әзірленіп, ауқымды жұмыстар атқарылуда, инфрақұрылымы дамуда. Цифрландыру үрдісі мінсіз білім беру үдерісі мен сапасына әсер етеді. Мектептік білім беру процесіне енгізілген жаңа технологиялар мектеп оқушыларын әлдеқайда қызықтыра алады. Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата- аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және «ауқымды деректер» жасау саласында қабілетті болуға тиіс. Елбасы атап көрсеткендей, «елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы».

1-тапсырма. Мәтіннің реттілігін көрсетіңіз.

1. Артықшылыққа қол жеткізу құралы
2. Бәсекеге қабілеттілік 3.Ауқымды жұмыс жоспары
4. Білім сапасы
5. Оқушының қызығушылығы

A. 5.2.3.4.1.
B. 4.2.1.3.5.
C. 4.3.5.1.2.
D. 3.5.2.4.1.
E. 4.2.3.1.5.

2-тапсырма. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

_____

3-тапсырма. Мәтіндегі асты сызылған сөз тіркесінің мағынасын ашыңыз.

_____

4-тапсырма. Мәтіндегі 3 маңызды ақпаратты анықтаңыз.

_____

5-тапсырма. Мәтінде берілген мәліметтер бойынша шын және жалған ақпараттарды ажыратыңыз.

Ақпарат	Шындық	Жалған
Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру,халықтың өмір сүру сапасын жақсарту болғанымен, оқу-тәрбие процесі жеделдетіліп, жеңілдетілмейді.		
Цифрландыру үрдісі мінсіз білім беру үдерісі мен сапасына әсер етеді.		
Мектеп бойынша білім беруді цифрландыруды жүзеге асырудың жоспары әзірленіп, ауқымды жұмыстар атқарылуда.		
Мектептік білім беру процесіне енгізілген жаңа технологиялар мектеп оқушыларын әлдеқайда қызықтыра алмайды.		



Қазақ халқының ұлттық киімдері

1 тапсырма. *Мәтінді оқып, аударыңыз. Сұрақтар құрастырыңыз.*

Қазақ халқының ұлттық киімдері

Ерлердің ұлттық киімдері: жейде, шалбар, жеңсіз қамзол, бешпент, ішік, тон. Ерлердің бас киімінің түрлері өте көп: қалпақ, тымақ, түлкі тымақ, хан қалпақ, тебетей, т. б.

Әйелдердің ұлттық киімдері ерекше болады. Бойжеткендер мен келіншектердің киімдері әсем өрнектермен оюланып тігіледі. Оларға қызыл түсті маталар пайдаланылады. Ақ, сары, қызыл, жасыл көйлектердің сыртынан алтын жіппен, асыл тастармен, зермен әшекейленген қамзол киіледі. Үйлену тойына киілетін сәукеле қымбат тастармен, күміс, маржанмен әшекейленеді. Бұны жасаушылар бір жыл еңбектенген, көп

қаржы жұмсаған. Көз тиюден сақтайтын киелі құс – үкінің қауырсыны сәуке-ленің төбесіне тігіледі.

2 тапсырма. *Мақал-мәтелдерді аударып, жаттап алыңыз.*

Артық сөйле, кем сөйле,
Орынсыз сөз өзіңе тиер.
Таразылап тең сөйле.
Таудай сөздің тарыдай түйіні бар.

3 тапсырма. *Артық сөзді табыңыз.*

1. Шаңырақ, күлдіреуіш, уық, кереге, төбе.
2. Түндік, ши, желбау, белдеу, қабырға.
3. Сандық, тоңазытқыш, кебеже, жүкаяқ, жастықағаш.
4. Бөстек, басарқан, диірмен, асық, әбдіре, көсеу.

4 тапсырма. *Етістіктерге болымсыз жұрнақтарын жалғаңыз.*

Айту, сөйлеу, көру, тыңдау, күлу, оқу, үйрену, жату, бару, үйлену, тұру, жүру, жүгіру, келу, кету, ұнау, қарау, ұшу, күту, жинау, түсіну, сұрау, жазылу, ұстау, сүрту, ашу, тапсыру, жіберу, сөйлесу.

5 тапсырма. *Сұрақтарға жауап беріңіз.*

- Сіз қазақша сөйлейсіз бе?
- Қазақша қалай сөйлейсіз?
- Қазақ тілін үйрену қиын ба, әлде жеңіл ме?
- Сіз қазақ тілін түсінесіз бе?
- Сіз қай тілді үйреніп жүрсіз?
- Сіз ненің көмегімен қазақ тілін үйреніп жүрсіз?



Жастар жадына ғаламтор жау

ЖАСТАР ЖАДЫНА ҒАЛАМТОР ЖАУ

Бір алқалы жиында елге танымал екі жазушы екі түрлі ой- пікір айтты. Зерделесек, екеуінің де айтып отырған сөздерінің жаны бар сияқты. Жарыққа шыққан кітапқа жылы лебізін білдіре келіп, бірінші қаламгер: «Қазір жаһандану заманында қағаз басылымның маңызы жойыла бастайды, оның орнын ғаламтор басады. Адам өзіне керектіні ғаламтордан тауып алады да , газет- журнал, кітап оқуға жастардың құлқы болмайды»,- деп өзінше болжам жасады.

Ал, екінші бір жазушы: «Интернет заман қажеттілігі бол- ғанымен, оның пайдасынан зияны көп»,- деп шыр-пыр болды. Оның уәжі мынаған саяды: «Рас, осы күнге дейін интернет арқылы қаншама дүниені оқып, білдік, ой-өрісімізді кеңейттік, тамаша жаңалықтарды таптық. Үлкен жобалар іске қосылды. Мұның бәрін жоққа шығаруға болмайды. Алайда, бақылаусыздық, бейәдеп, тексерілмеген ақпарат, біреуге дәлелсіз жала жабу, ойына не келсе соны айтқан пікірлердің өріп жүретіні сияқты келеңсіздіктер де осы «шексіз кеңестікте» жетіп артылады».

Бұл – бір. Екіншіден, оның айтуынша, авторын танып, беттерін парақтап, жастанып жатып оқыған кітаптан алған әсерді интернеттен оқыған дүниемен еш салыстыруға келмейді. Бірақ, заман ырқына көндіріп, дегенімен жүргізуде. Әсіресе, жастарды компьютерден алшақтату мүмкін болмай тұр.

Мойындау керек, интернет – кез келген технология секілді пайдасы мен ықтимал зияны, артықшылығы мен кемшілігі қатар жүретін күрделі құбылыс. Оның, әсіресе, жастардың жадысын жоюға кері әсері көп. Жастайынан өлең жаттап, есеп құрастырып, қисынды амалдарды өз бетінше шешетін бала мен кез келген дүниені компьютерден іздейтін жеткіншектің қабілет-қарымын салыстыруға келмейді. Олай болса, бүгінгі жастардың уақытты үнемдеуді сылтауратып, интернетке жүгінуі жақсылыққа апармайтынын кеңінен түсіндіру әбден керек.

Сондықтан замандас жазушының: «Кітапты интернеттен оқығаннан гөрі, оңашада қолға алып оқыған «сіңімді» болады. Жадыда ұзақ сақталады. Әлем ғалымдары кітапты қағаз күйінде оқудың адамның миына, рухани ләззат алуына тигізетін ықпалы зор екенін мойындап отыр»,- деген пікірімен толық келісеміз.

1-тапсырма. Мәтін қай үлгіде жазылған?

А/ шешендік сөз

В/ ертегі

С/ мақала

Д/ жарнама

2-тапсырма. Мәтінге басқаша қандай атау берер едіңіз?

_____

3-тапсырма. Синонимдік қатарларын табыңыз.

Уақыт-

Ықпал-

Қабілет-

4-тапсырма. «Қазір жаһандану заманында қағаз басылымның маңызы жойыла бастайды, оның орнын ғаламтор басады» деген болжаммен келісесіз бе? Не себепті?

_____

5-тапсырма. Мәтіндегі 3 нақты ақпаратты анықтаңыз.

1.

2.

3.

_____

6-тапсырма. Ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажыратыңыз.

_____



Қазақ отбасындағы музыкалық аспаптар

1 тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз. Мәтін бойынша диалог құрастырыңыз.

Қазақ отбасындағы музыкалық аспаптар

Қазақтың музыкалық аспаптарын шертпелі аспаптар (домбыра, адырна, жетіген, шертер), ыспалы аспаптар (қобыз, қылқобыз, нарқобыз, сазген), үрмелі аспаптар (сыбызғы, сазсырнай, шаңқобыз, т.б.), ұрмалы-сілкімелі аспаптар (дабыл, даңғыра, дауылпаз, асатаяқ, тоқылдақ, т.б.) деп топтауға болады.
Домбыра – қазақ халқының ұлттық болмысын, жан дүниесінің тылсым сырларын сыртқы дүниеге паш еткен таңғажайып аспап.
Домбыраның пайда болуын археолог ғалымдар тасқа салынған суреттердің ішінде домбыраның бедері кездескеніне қарап, неолит дәуіріне (б.з.д. 4000 мыңжылдық) жатқызады.
Домбыра тым ерте пайда болып, уақыт озған сайын түрленіп, дамып отырған екі ішекті, 9-16 пернелі болып келетін жұмсақ қоңыр үнімен ерекшеленетін, әр қазақтың үйінің төрінде тұрған аспап.

2 тапсырма. *Есімдіктерді тауып, қай септікте тұрғанын анықтаңыз.*

Мен студентпін. Сен де студентсің. Саған да, маған да көп оқу керек. Оның жұмысы жақсы. Ол менен де, сенен де көп оқиды. Оны ұстаздар мақтайды. Сені мен мені мақтамайды.

3 тапсырма. *Сұрақтарға ауызша жауап беріңіз.*

1. Сіздің ұлтыңыз кім?
2. Өз ұлтыңыздың қандай салт-дәстүрі бар?
3. Сіздің ұлтыңыздың ұлттық мерекелері қандай?
4. Өз отбасыңызда ұлттық дәстүрді сақтайсыз ба?
5. Ұлттық киім киесіз бе? Ұлттық киімдеріңізді сипаттап беріңіз.

4 тапсырма. *Сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.*

”Қазақстан – 2030” – еліміздің даму ... .
Елбасының бұл Жолдауында ... ... қорғау көзделген.
Әрбір қазақстандық ... ... сақтауы тиіс.

Елбасы Қазақстан халқына ... .
“Қазақстан - 2030” атты Елбасы Жолдауының негізгі мақсаты – еліміздің ... ... қатарына ену жолдарын көрсету.

Керекті сөздер (нужные слова): өркениетті елдер, Жолдау жасады, салауатты өмір салтын, табиғат байлықтарын, болашағы.

5 тапсырма. *Диалогті оқып, жалғастырыңыз.*

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Қазақстанға қош келдіңіз!
- Рақмет!
- Біздің жеріміз үлкен, табиғаты тамаша, жері кең әрі бай, қалалары әсем.
- Өз еліңді мақтан етесің бе?

- Иә, мақтан етемін, өйткені Қазақстан жерінде ...
- Саған Қазақстанның қай қаласы ұнайды? Оның қандай тарихи орындары бар?
- ...



Қара шаңырақ

1 тапсырма. *Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.*

Қара шаңырақ

Қазақ отбасында кенже ұл – шаңырақ иесі.

Кенже бала отбасындағы ең кіші бала, кіші ұл. Кенже бала әке- шешесімен тұрады. Кенже баланың өз отбасы болса да, ата-анасымен бірге тұрады.

Кенже бала – қара шаңырақ иесі. Қара шаңырақ – үлкен үй, әке-шеше үйі. Қара шаңыраққа барлық осы отбасының балалары, туыстары жиналады. Әке-шеше қара шаңырақты кенже ұлына береді. Бұл дәстүрдің мәні зор. Қара шаңырақта балаға туыстарын, нағашыларын, ата-бабасын, үлкен аталарын, жеті атасын үнемі айтып отырған.

Елтаңбамыздағы тұлпарлардың мүйіздері жеті буыннан тұрады. Жеті буын қазақтың «жеті атасын білмеген - жетесіз» дегенін аңғартады.

1. Қара шаңырақ иесі деп кімді айтады?
2. Қара шаңыраққа кімдер жиналады?
3. Кенже бала кіммен тұрады?
4. Әке-шеше қара шаңырақты кімге береді?
5. Қара шаңырақта балаға кімдер туралы үнемі айтып отырған?

2 тапсырма. *Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңыз.*

1. Қазақ халқы үлкендерді ерекше сыйлайды.
2. Батаны сыйлы, жасы үлкен адам береді.
3. Құтты қонақ келсе, қой егіз табады (мақал).
4. Адам болар бала қонаққа үйір (мақал).

3 тапсырма. *Төменде берілген мақалдарды аударып, жаттап алыңыз.*

1. Аға әдепті болса, іні әдепті,
   Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.

2. Мейірімділікті анадан үйрен,
   Әдептілікті данадан үйрен.

3. Әдепті бала - арлы бала,
   Әдепсіз бала - сорлы бала.

4 тапсырма. *Диалогті оқып, толықтырыңыз.*

- Қазақ халқы дастарқанды қалай бағалайды?
- Қазақ халқы дастарқаннан, дәмнен үлкен нәрсе жоқ деп есептейді.
- Қазақтың ұлттық дастарқанының негізгі тамақ түрлері қандай?
- Ет, сүт, ... тағамдары.
- Ең негізгі ұлттық тамағы ше?
- ... .
- Сүт тағамдарына не жатады?
- ... .
- Нан тағамдарына ше?
- ... .
- Қонақ кетерде үй иесі не дейді?
- ... .

5 тапсырма. *Көп нүктенің орнына керекті әріптерді қойып жазыңыз.*

Жаст...рымыздың үлкен кемшіліг... бар. Ол мынау: сөйлесе кетсең, көпшілігі-ақ мүдіріп, ауз...на сөз түспей, білген сөз...нің өзін бұзып айтып қиналад... да

қалады. Ана тіл...нде таза сөйлей алмайтыны, сөйлемдерін...ң басы мен аяғы аралас...п, сөздер... шұбарала келетіні бірден байқалады. Бұның өзі, әрине, тілін ұстартуға зер салмағандықтың салдары.



Достық уақытпен сынала ма?



Жарнама

ЖАРНАМА

Жарнаманың нәтижелі болуы-оның мазмұнына ғана емес, таныстырылымына да байланысты екенін білесіз бе? Сондықтан жарнама жасаған кезде оның тақырыбының креативтілігіне ерекше мән беру керек. Адамның бәрі жаңалыққа құштар. Егер сіз клиентті тарту үшін оның мазмұны емес безендірілуіне де мән беріңіз.

Бұл сізге өнімнің сипаттамасын жаңа әрі қызықты етуге көмектеседі. Есте қаларлық сызбалар, суреттер кез-келген адамды қызықтырады. Қандай шрифт қолданатыныңызды да естен шығармаңыз. Жарнама мәтіні оқуға жеңіл ме, қызықты ма, адамды тарта ма? Тұтынушыға қажет ақпаратқа көңіл бөліңіз (жеңілдік, тауардың сипаттамасы, тұтынушыға сыйлық) . Егер жарнама жасаушы ретінде жолыңыз болсын десеңіз, жарнамалауға сыйды, әйгілі адамдарды, шақырыңыз не әйгілі кинофильмдер үзіндісінен дәйексөздер алыңыз. Теріс пиғылдағы сөздерді қолданбаңыз. Жарнама мәтіні ұзақ болмауы тиіс. Таза, қысқа, нақты, шын болуы тиіс. Потенциалды клиентті тартудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады. «Арзан» «сенімді», «әдемі», «тәтті», «кепілдік береміз» деген

сөздер қолданбау қажет. Тұтынушыны өнімнің ыңғайлы және пайдалы екеніне сендіріңіз. Бұл тіпті құнына да байланысты емес. Жарнама мәтінінде «кеңес береміз», «сізге беріледі», «қажетті», «хабарлаймыз», «санаулы секундтар», «тез» деген сөздер болуы тиіс. Сіздің жарнамаңыздың негізгі хабарламасын : басында және тұтынушыға пайдасын көрсету кезінде екі рет пайдалану керек. Ең маңызды - бәсекелестеріңізбен жарыспаңыз. Бұл сатып алушыларға алаңдаушылық туғызады және жарнама туралы заңға қайшы келеді.
Соңында, жарнамаңызда өз компанияңыз туралы айтуды ұмытпаңыз. Ол-мекеме мекенжайы, электронды пошта, байланыс телефоны. Бұл-тұтынушы үшін маңызды ақпарат болып табылады.

1-тапсырма. Мәтін не туралы? Дұрыс жауапты белгіле.
А. Мәтінде жарнама жасаушылар туралы айтады.
В. Мәтінде жарнаманың тұтынушыға әсерін айтады.
С. Мәтінде жарнаманы неғұрлым нәтижелі жасау жолдарын көрсетеді

2-тапсырма. Бұл мәтін кімдердің қызығушылығын тудыруы мүмкін?
_____
_____

3-тапсырма. Мәтіннің атауы қандай?
А. Жарнама компаниясының жетістігі неден көрінеді? В. Жарнама жасаушыларға кеңес
С. Жарнама біздің өмірімізде

4-тапсырма. Жарнама жасаушылар үшін жазу шрифтісін таңдау неге маңызды? Дұрыс жауапты белгіле.
А) шрифт жарнаманы әдемі көрсетеді
В).....тұтынушыға оқуға жеңіл және ыңғайлы
С).....өнімді адам танымастай өзгерту үшін

5-тапсырма. Сөйлемді жалғастыр.Керекті сөздер: тұтынушынының назарын аудару үшін, жарнама жасаушыларға пайдалы, тұтынушыға қажет ақпарат, тұтынушыға қажет, деректер.
А) Жеңілдіктер, тауардың сапасы, тұтынушыға сыйлыққәде бұл-
.....

Ә) Жарнама мәтінінің атауы бұл-.....
В) Мекенжай, электронды пошта, телефон бұл-
.....
С) Дұрыс жауаптарға белгі қойыңыз.

6-тапсырма. Мәтін мазмұнына сай жарнаманың нәтижелі болуы үшін.....

... оған көп ақша жұмсалады	
... өнім не қызмет көрсету туралы толық ақпарат беріледі	
... әдемі безендіріледі.	
.... атауы ерекше болады.	
... теріс пікірлер қолданады.	
...өнім сапасы егжей-тегжейлі жазылады.	
...өнімді жарнамалауға белгілі тұлғаларды шақырады	
...бәсекелес өніміне қарама-қарсы жасалады.	



Қазақ билері

1 тапсырма. *Өзіңізді тексеріңіз:*

- өз тұрған жеріңді, үйіңді суретте;
- күн, ай аттарын есіңе түсір;
- ауа райы мен жыл мезгілдері туралы не білесің?

2 тапсырма. *Диалогті оқып, аударыңыз*

- Сен демалыста қайда бармақшысың?
- Демалыста Сарыағашқа бармақшымын.
- Ал, өзің қайда бармақшысың?
- Мен Көкшетаудағы Бурабайға барып демалмақшымын.
- Сен қашан жол жүрмекшісің?
- Алла жазса, ертең поезбен жүрмекшімін.
- Жолың болсын, демекпін.

3 тапсырма. *Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыз. Мәтінге бірнеше сұрақ құраңыз.*

Қазақ билері

Ертеде қазақ халқында билік айту деген дәстүр болған. Билер өздерінің бір ғана сөзімен даулы мәселелерді шешкен. Олар ерте заманда осы күнгі соттың да, тергеушінің де қызметін атқарған.

Қазақ билері әділ және елге сыйлы болуға тиісті болатын. Өз әділдігімен елге танымал болған қазақтың атақты билері:

- Төле би (1663 – 1756 жж.),
- Қазыбек би (1667 – 1764 жж.),
- Әйтеке би (1644 – 1700 жж.).

Қазақ халқының бұл билері елді үш жүздің бірлігін сақтауға шақырды.

4. Оқып, жаттап алыңыз. Сөйлемдерді үлгі бойынша жазыңыз.

Үлгі: Қаңтардың бірі – Жаңа жыл мейрамы.



Тағылым отбасынан басталады

ТАҒЫЛЫМ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Жалпы, шаңырақ құру – күллі адамзаттық дәстүр екені түсінікті. Бірақ жер бетінде қанша халық болса, бұл дәстүрдің сипаттары да соншама сан алуан. Өйткені әр халық өзінің шаңырақ көтеру қуанышын өз тұрмыс-салттарына лайықтап, өздерінше қызықтауға тырысады. Осы үрдісті қазақ халқы да ғасырлар бойы өзгеге ұқсатпай, өздерінше дамытқаны анық. Олай болса, қазақтың шаңырақ көтеру сәтіндегі өзіндік ерекшеліктері бар. Халқымыздың ежелгі дәстүрі бойынша, жаңадан көтерілер шаңырақтың мақсаты мен мәні ең әуелі тегіне орай үндестіріліп, ата-ананың ризашылықтарынанегізделіп шешілетін. Мұнда негізгі қағида ретінде, тектілік пен адамгершілік парыздары бағдарға алынатын. Сондықтан бұл дәстүрді қазақ халқы сонау ерте ғасырлардан бері қарай жеті атаға дейін қыз алыспау салтымен орайластыра білгені белгілі. Ата-бабамыз ұрпақ тәрбиесіне аса зор мән береді. Өйткені, ұрпақ– болашақ. Оны әбден түсінген халық: «Баланды беске дейін патшадай күт, он беске дейін қосшыңдай жұмса, он бестен кейін құрдасыңдай сыйла»,-деп бүкіл тәрбиелік тағылымды үш-ақ сөзге сыйдырады. «Патшадай күт» дегені – қамқоршы бол, өсір, мәпеле, жас шыбықтай баулы дегені, «қосшыңдай жұмса» дегені – жәрдемшің ет, жұмысқа сал, буынын бекіт,

еріншектерден аулақтат дегені, ал «құрбыңдай сыйла» дегені – балаңа ес кірді, ақыл иесі болды, енді оның отау құруы жақын, оның да түбі өзіңдей ұрпақ қамқоршысы болатынын естен шығарма дегені. Ал осы ұлағатты сөзде ұрыс, ренжіт, қорқыт, еңсесін түсір деген бірде-бір сөз айтылмайды. Қазақтың ұрпақ өсіру пәлсапасы, міне, осындай қарапайымдылыққа құрылған.
Табиғатқа иелік етер күші болса да, адамды өзге тіршілікпен тең ұстаған да – қазақ. Бесіктегі қимасына «асқарым, асқағым» деп емес, жан-жануармен, жәндік атаулымен тағдырластығын мойындатып, «құлыным, ботам, қошақаным» деп еркелету де, шыбынға да қиянат болмасын деп, «шыбыным» деп айналу да алдымен қазаққа тән. Бүкіл болмысы, шыбын жаны перзенттің үстінде болған қазақтың баласын шамадан тыс тойындырып, ошақтың түбінде қорғаштағаны да ешбір тарихта жоқ. Жеті жасар айдарлысын жауға аттандырып, он бесіндегі ұлына ел басқартқан халық бұл!

1-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша дұрыс нұсқасын көрсетіңіз.
Барлық адамзатқа тән дәстүр – ... .
A)тұсау кесу
B)сүйінші сұрау
C)шаңырақ құру
D)баланы бесігіне салу

2-тапсырма.Сөйлемді жалғастырыңыз.
Әр халық шаңырақ құру салтын ... .
A) жағдайына қарай лайықтайды
B) даму жағдайымен байланыстырады
C) әдет-ғұрпына қарай ыңғайлайды
D) жалпыңа ортақ салты бойынша қызықтайды

3-тапсырма. Мәтінге сәйкес сөйлемді дұрыс аяқтаңыз.
Қазақтың шаңырақ құрудағы негізгі салты – ... .
A) тектілік парыздарын сақтау
B) жеті атаға дейін қыз алыспау
C) адамгершілік парыздарын сақтау
D) жеті атаға дейін ауылдас қыздарды алмау

4-тапсырма. Сөйлемді толықтырыңыз.
Баланды беске дейін ... күт, он беске дейін ... жұмса, он бестен кейін ... сыйла.
A) құрбыңдай, құлыңдай, патшадай
B) досыңдай, құлыңдай, теңдесіңдей
C) билеушіңдей, құлыңдай, теңдесіңдей
D) патшадай, теңдесіңдей, құрдасыңдай

5-тапсырма. Мәтіннің негізгі идеясын сақтай отырып, жинақы мәтін жазыңыз.

_____

_____



Қазақтардың ежелгі баспанасы – киіз үй.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ

Киіз үй қаңқасын түгел ағаштан – берік ағаштан (қайыңнан, талдан) жасалады. Киіз үйдің ағаштарын (уық, кереге, шаңырақ, күлдіреуіш) деформациялайды. Деформация – дене пішінің немесе көлемінің өзгеруі. Қайың мен тал басқа ағаштармен салыстырғанда деформациялауға, яғни июге, бұруға, қысуға, созуға ыңғайлы, бір жағынан берік, қатты жақсы материал болып табылады. Үйшілер кептірілген ағаштарды алып қидың малмасына (диффузия процессі жүреді) немесе ыстық шоқ араластырылған күлге (жұмсарту, балқыту) салып балқытады.

Киіз үйдің негізгі құрылыс материалы – киіз болып табылады. Синтетикалық материал айналасына оң зарядталған өріс тудырады. Ол өріс адамның ағзасына қолайсыз әсер етеді. Ал киіз – табиғи материал. Қой жүнін сабалап, біріктіріп жасайды. Жүннің жылу өткізгіштігі нашар, өйткені қалай сабаласа да , жүн талшықтарының арасында бірталай ауа болады. Ауаның жылу өткізгіштігі нашар болады, өйткені ауа молекулалары бір – бірінен алыс орналасады да, энергияның бір молекуладан екіншісіне берілуі қиынға соғады. Сондықтан киіз үй аптап шілдеде сая, ызғырықта жылы баспана болады.



1-тапсырма. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ
Киіз үйді құрастыруда киіздің қандай түрлері пайдаланылады?
1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

2-тапсырма. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ
Киіз үйдің табалдырығын биік, маңдайшасын төмен етіп жасаудағы мақсат қандай?

3-тапсырма. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ
Материалда «киіз үйдің салмағы жиһаздарды қоса алғанда 300-400 кг, бір түйе көтере алатын жүктің шамасы» делінген. Киіз үй салмағының түйе көтере алатындай болу қисындылығын қалай түсіндірер едіңіз?

4-тапсырма. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ
Мәтінде «киіз үйдің аптап шілдеде сая, ызғырықта жылы баспана болатыны» айтылған. Осы ақпаратты қандай деректермен дәлелдер едіңіз?

5-тапсырма. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ
Киіз үй құрылысында ең соңғы жасалатын әрекетті белгілеңіз А) Киіз жабылады
В) Кереге орнатылады
С) Үлкен бақанмен шаңырақты көтереді Д) Киіз үйдің жарма есігі бекітіледі

6-тапсырма. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ
Киіз үй құрылысында қайың мен тал ағаштарының және қой жүнінің пайдаланылу себебін түсіндіріңіз.



Кітапхана

КІТАПХАНА



Кітапхана схемасын пайдалана отырып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

1-тапсырма. КІТАПХАНА
Мектеп үшін сіз француз тілдеріндегі романды оқып шығуыңыз керек. Схемадан сіздің оқуыңыз үшін жарайтын кітапты таба алатын секцияның айналасына дөңгелекті сызыңыз.

2-тапсырма . КІТАПХАНА
Жаңа кітаптар қай жерде орналасқан?
А)Көркем әдебиет секциясында
В)Өзге әдебиет секциясында
С)Кіру есігінің жанында
Д) Ақпараттық үстелдің жанында

3-тапсырма. КІТАПХАНА
Бұл орын неліктен жаңа кітаптар үшін таңдалуы мүмкін екендігін түсіндіріңіз.
_____
_____

4-тапсырма. КІТАПХАНА
Суреттері бар кітаптар қай жерде орналасқан?
А.Балаларға арналған кітаптардың қасында.
В.Ойыншықтардың қасында
С.Кіру есігінің жанында
Д. Жаңа кітаптардың қасында

5-тапсырма. КІТАПХАНА
Кітапхана схемасы не үшін қажет деп ойлайсың?
_____
_____

6-тапсырма. КІТАПХАНА
Кітапханаға суреті бар кітаптар мен ойыншықтар қажет деп ойлайсың ба? Неге қажет? Кімдерге қажет? (ойынды дәлелдеп жаз)



Тамақтың құндылығы

Адам организмі энергияны тек дене еңбегі үшін ғана емес,

сонымен қатар тыныштық кезінде де жұмсайды. Тыныштық кезінде – ұйықтағанда, демалғанда энергия организмнің қызмет етуіне – жүрек соғуына, тыныс алуға, дене температурасын сақтауға, бұлшық ет пен ми жұмысына және т.б. процестерді қамтамасыз етуге жұмсалады. Дене салмағы қалыпты, дені сау адам әр сағатта дене салмағының әр килограмына 1 килокалория энергия жұмсайтыны ғылыми тұрғыда дәлелденген.

Зат алмасу мен энергияның бөлінуі өмір сүрудің негізгі және тірі материяның маңызды белгісі болып табылады. Міне, тірі табиғат өлі табиғаттан осымен еркшеленеді.

Зат алмасу (метаболизм) – жоғары интеграцияланған және мақсатты процесс. Организмге түсетін тағамдық заттар күрделі химиялық өзгерістердің нәтижесінде тірі организм ұлпаларының заттарына айналады. Тағамның керексіз қалдықтары организмнен бөліп шығару мүшелері арқылы сыртқа шығарылады.

Осылайша зат алмасу процесі нәтижесінде қажетті энергия бөлініп, тірі организмнің өмір сүруін қамтамасыз етеді.

Негізгі алмасудың шамасы тыныштық күйде дене салмағы 70 кг ерлерде (20 жас) 1600-1700 ккал – ны құрайды (70 кг х 24 сағ. Х 1ккал), әйелдерде бұл шама 1300-1400 ккал-ға тең (60 кг х 24 сағ. Х 1ккал). Ал дене және ой еңбегі қосымша энергия шығындарын талап етеді. Қызметкер мен үй күтушісіне негізгі алмасуға

қосымша 1000-1200 ккал энергия қажет (1600 + 1200 = 2800). Механикаландырылған немесе ауыр дене еңбегімен айналысатын адамға энергияға деген қажеттілік одан 2-2,5 есе көп. Сондықтан да тағам шығындалатын энергияның мөлшеріне сәйкес етіп, әрі оны толықтырылып тұруы керек.

Тағамның құндылығы оның энергетикалық бағалығымен сипатталады және тамақ рационында белоктың, май мен көмірсудың болуын қамтамасыз етуі қажет. Әр тағамның өзінің белгілі бір энергетикалық құндылығы болады.

Қоректік заттарды (нутриенттерді) – белоктар, майлар, көмірсуларды төмендегідей мөлшерде пайдалану қажет:

Ақуыздарды тәулігіне 85-90 грамм (дененің 1 кг салмағына 1 кг салмағына 1 грам мөлшерінде) қабылдаған дұрыс, мұнда белоктардың 35-40 %-ы жануар текті болуы тиіс. Бала организміне қажеттілік дененің 1 кг салмағына 1,5-2 грамды құрайды.

Майларды тәулігіне 80-100 грамм пайдалану қажет. Оның жартысы өсімдік текті болуы керек.

Көмірсуларды тәулігіне 400-500 грамға дейін пайдалану қажет.

Организмнің калориялық шығыны көптеген факторларға – жасқа, жынысқа, еңбек түріне, дене еңбегінің қарқындылығына байланысты.

Орындалатын жұмыс сипатына байланысты энергиялық шығындар бойынша 4 топқа бөлінеді:

1.Дене еңбегімен аз айналысатындар үшін 3000-3500 ккал қажет.

2.Дене еңбегімен орташа айналысатындарға – 3200-3500 ккал.

3.Жоғары дене еңбегімен айналысатындарға – 3500- 4000 ккал.

4Аса қиын дене еңбегімен айналысатындарға 4000 және одан да көп ккал қажет.

Тәулік бойындағы тағамдық рационның жалпы калориясы былайша бөліну қажет: таңертеңгі ас 25%, түскі ас 35%, бесінді ас 15%, кешкі ас 25%-ды құруы қажет.

Тағамдар құндылығының кестесі (100г өнімдегі калория саны)

1-тапсырма. ТАМАҚТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Адам организмі энергияны не үшін пайдаланады?

А) ұйықтау , демалу үшін

В) жүрек соғуына, тыныс алуға

С) дене температурасын сақтауға

Д) бұлшық ет пен ми жұмысына

Е) басқа да процестерді қамтамасыз етуге Ж) барлық жауаптар дұрыс

2-тапсырма. ТАМАҚТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Жоғары дене еңбегімен айналысатындар үшін еңбек шығыны күніне қанша Ккал құрайды және осы еңбек шығынының мөлшерін толтыру үшін кестеге қарай отырып бір күндік мәзірін құрып көріңіз.

3-тапсырма. ТАМАҚТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Мақала соңындағы мына бір сөйлемге қараңызшы. Ол мұнда екі бөліммен көрсетілген:

Тәулік бойындағы тағамдық рационның жалпы калорияғы былайша бөліну	бірінші бөлім

қажет:	
таңертеңгі ас 25%, түскі ас 35%, бесінді ас 15%,кешкі ас 25%-ды құруы қажет.	екінші бөлім



Қымызмұрындық.

Қымызмұрындық – бие байлап, алғашқы қымыз ішу тойы. Құлын байлап, бие сауылып оның сүті қорланып ашытылған соң екі-үш күн бойы жиналған қымызға ақсақалдар мен көрші- көлемдер «қымызмұрындыққа» шақырылған. Яғни алғашқы қымыз адамдарға салтанатпен ұсынылып, «көпке бұйырсын» деген тілекпен беріледі. Ақсақалдар үй иесіне рахмет айтып, батасын береді. Халықтың бұл дәстүрі де қонақжайлықты, жомарттық пен мәрттікті, бірлікті меңзейді. Қымыз ашыту – үлкен өнер. Жаңа сауылған биенің сүтін сүзіп, жылы кезінде күбідегі немесе сабадағы қорға немесе ашытқының үстіне құяды да, бір сағатқа жақын піседі. Қымызды неғұрлым көп піссе, соғұрлым жақсы болады. Мұндағы қор – күбінің немесе сабаның түбінде бұрынғы қымыздан қалған дегенді білдіреді. Халқымыз жыл маусымына қарай уыз қымыз (мамыр қымызы), жазғы қымыз, күзгі қымыз (сірге қияр), қысқы қымыз (қысырақ қымызы) деп те атаған.
Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/mangilik_el/shanyirak/salt- dastur/41952/

1-тапсырма. Мәтін не туралы? Дұрыс жауапты табыңыз.
А) Қонақ күту туралы
Ә) Қазақтың салт-дәстүрі туралы
Б) Ас мәзірі туралы

2-тапсырма. Мәтінге қандай атау қояр едің? (2-3 нұсқа дайында)

_____
_____

3-тапсырма. Кестені толтыр.

	дұрыс	**бұрыс**	**Мәтінде мұндай ақпаратжоқ**
Ақсақалдар «Қымызмұрындыққа» шақырылған.			
Жаңа сауылған биенің сүті екі сағатқа жақын піседі.			
Құнан қымыз үш тәулік бойы ашытылады.			
«Көпке бұйырсын» деген тілек айтады.			
Мұрындық– <u>түйенің</u>, <u>өгіздің</u> танауы арасындағы мұрын шеміршегін тесіп, көлденең өткізілетін жіңішке таяқша.			

4-тапсырма. Сөйлемді жалғастырып жаз.

* Халықтың бұл дәстүрі .....
* Алғашқы қымыз адамдарға .....
* Жаңа сауылған биенің сүтін.....
* Екі-үш күн бойы жиналған қымызға .....

5-тапсырма. Сөздерді мағынасын қарай орналастырыңыз.Керекті сөздер: қымыз, ұйытқы, күбі, қымызмұрындық,

А) .....Бие байлап, алғашқы қымыз ішу тойы.

Ә) ..... Еменнен жасалған ауыз жағы тарлау, түп жағы кеңдеу қымыз ыдысы.

Б) Жылқы сүтінен алынатын кышқыл сүт өнімі.
С) Сүт ұйытып, айран жасайтын ашытқы.